В таких условиях, когда главным являлся вопрос удовлетворения потребности взаимопонимания, о равенстве языков речь уже не могла идти, хотя формально это равенство было задекларировано. В действительности же ни фактического, ни даже юридического равноправия языков не существовало. В новой Конституции СССР от 1977 года русский язык по-прежнему не имел статуса государственного языка,

однако, в отличие от Конституции 1936 года в ней говорилось уже не о праве на образование на родных языках (статья 121), а лишь о такой возможности (статья 45).

Все вышесказанное, однако, не означает, что в Советском Союзе проводился намеренный курс на русификацию. Всю совокупность описанных выше действий можно рассматривать как продвижение и расширение функциональных возможностей понятного для всего государства языка, всемерно поддерживаемые руководством государства. Судьба, развитие и продвижение остальных языков целиком и полностью зависели от республиканских и местных властей.

На республиканских и местных уровнях, однако, за редким исключением, руководство предпочитало не проявлять инициативы в области национально-языковой политики, так как большинство государственно-партийного аппарата было русскоязычным.

Таким образом, третий период языковой политики Советского Союза способствовал чрезмерному усилению позиций русского языка и стремительному ослаблению позиций национальных языков, как на территории РСФСР, так и в союзных республиках, включая и позиции соответствующих титульных языков. Процесс культурной и языковой русификации протекал если и не добровольно, то никак не насильственным способом. Основной целью такого процесса являлась гомогенизация многоязычного общества при ведущей роли русского языка как языка межнационального общения внутри Советского Союза.

В 1985 году с приходом к власти М.С. Горбачева был взят курс на перестройку, однако национальная и языковая политика оставалась прежней: руководство государства предпочитало не замечать национальные проблемы, в том числе, национально-языковые.

На волне перестройки в Казахстане разворачивается кампания по развитию казахского языка. ЦК КПК и Советом Министров КазССР 3 марта 1987 года было принято постановление за №98 «Об улучшении изучения казахского языка в республике». В следующем постановлении от 15 августа 1989 года «О дополнительных мерах по выполнению постановлений ЦК Компартии Казахстана и Совета Министров Казахской ССР от 3 марта 1987 года» речь шла о необходимости осуществлять синхронный перевод с казахского языка на русский, и, наоборот, на всех культурно-массовых и общественно-политических мероприятиях и сессиях Советов народных депутатов, чего прежде никогда не было.

В конце 80-х годов в Казахстане также как и в других союзных республиках началась работа по разработке закона о языках, которая вызвала жаркие парламентские и общественные дебаты.

В 1989 году напряженность вокруг проекта Закона о языках достигла своего накала. Общественное мнение разделилось на пять основных «языковых партий»: 1) за придание статуса государственного языка языку народа, давшему имя республике; 2) за придание статуса государственного языка казахскому и русскому языкам; 3) за придание статуса государственного казахскому языку при объявлении русского языка языком межнационального общения; 4) за развитие языков Казахстана без юридического ранжирования их статусов; 5) за утверждение всеобщего государственного двустороннего двуязычия и многоязычия [118].

Таким образом, в 1989 году в Казахской ССР впервые законодательно закреплены статусы казахского и русского языков, законодательно гарантировано свободное развитие языков национальных групп Казахстана. Для казахского языка в статусе государственного языка начался новый этап в развитии, в Казахстане начался «духовный ренессанс, основанный на подлинном возрождении языка, обычаев и традиций казахского народа» [121]. Русский язык в качестве языка межнационального общения в Казахской ССР продолжил, как и прежде, выполнять свои функции, исполняя роль мощного интеллектуального потенциала.

Языковые реформы конца 80-х годов в союзных республиках СССР в целом, и в Казахстане, в частности, вызвали ожесточенную полемику в научной среде. Так, известный советский историк и этнолог М.Н. Губогло считает, что законодательное закрепление статуса государственного языка за языками титульных наций, имевшее место в конце 80-х годов, не было напрямую связано с насущными языковыми запросами и потребностями населения, а по сути, являлось политическим ходом на пути суверенизации этнических элит союзных республик [122].

Диаметрально противоположного мнения в этом вопросе придерживался казахстанский социолингвист Б.Х. Хасанов, которого сильно волновала судьба казахского языка и сужение сферы его применения. Так, Б.Х. Хасанов считал, что «<...>...непреодолимой стеной на пути к внедрению государственного языка» стоит ряд факторов, среди которых он особо выделяет «<...>... большую долю русскоязычного населения, которая сложилась за счет представителей русской национальности», и выступил с резкой критикой в отношении уравнивания языковых статусов казахского и русского языков, обосновывая ее тем, что казахско-русский билингвизм содействует усиливающейся ассимиляции казахов [123].

С принятием Закона «О языках в Казахской ССР», по мнению казахстанского историка И.С. Савина, «<...> ... в основание языковой политики Казах-стана были заложены принципы, в соответствии с которыми высшая ценность для государства и предмет его заботы – не отдельный человек как гражданин, а нация (этническая общность) как коллективный субъект общественных отношений». И.С. Савин считает, что дефиниция языка, предложенная в данном Законе, выдвигает на первый план его этнонационалистический характер, полностью вытесняя функциональное понимание языка как средства коммуникации [124].

Позицию И.С. Савина разделял и известный казахстанский ученый, доктор исторических наук, профессор Н. Масанов, который был убежден в том, что придание языку характеристик, обуславливающих состояние развития культуры и перспективы развития самой этнической группы, есть очевидное преувеличение значимости одного из языков, его роли в жизни полиэтнического и полилингвального общества. По мнению ученого, в данном случае имеет место фактическая подмена культуры одним из ее элементов – языком, уровня цивилизационного развития населения – ее второстепенным компонентом – языком, экономического благосостояния народа – состоянием развития языка, прав и свобод человека – языком [125].

По мнению ряда казахстанских исследователей, с 1989 года, можно говорить о начале этапа казахского доминирования в республике. Этому способствовал и тот факт, что к концу 80-х годов казахское население достигло паритета по этническому составу, о чем наглядно свидетельствовали данные переписи населения 1989 г.

Таким образом, подводя итоги анализа языковой политики Казахстана в период с 1917 по 1990 год, можно констатировать, что к моменту обретения Казахстаном независимости язык титульной нации – казахский – являлся по большей части языком внутриэтнического общения, какого-либо заметного распространения за пределами казахской этнической общности он не получил. Распад Советского Союза и суверенитет Казахстана ускорили процессы внедрения казахского языка в систему государственного управления, институционализации казахского языка как политического инструмента регламентации и регулирования жизни казахстанского общества.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Илишев И.Г. Язык и политика в многонациональных обществах: дисс. д-ра полит.наук. – Санкт-Петербург, 2000. – 334 с. [Электронный ресурс]. Режим доступа: dslib.net (дата обращения 29.07.2017 г.).
2. Базарбаева Г.А. Становление и развитие языковой политики в Республике Казахстан: автореф. дисс. ... канд. полит. наук. – Алматы, 2002. – 26 с.
3. История Казахстана. Документы и материалы (1917-2012). – Астана: ТОО «Шанырақ Медиа», 2017. – 320 с.
4. Языковая политика в Казахстане (1921-1990): Сборник документов и материалов / Сост. М.К. Айбасова, Р.К. Иманжанова, Г.Т. Исхан, Б.Ж. Кабдушев. – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 325 с.
5. Кучкин А.П. Советизация казахского аула 1926-1929 гг. – М.: Изд-во АН СССР, 1962. – 432 с.
6. Бурдина Е.Н., Казиев С.Ш. Казахский язык в условиях нациестроительства в СССР (1926-1933) // Ученые записки Орловского государственного университета. – 2015. – №3 (66). – С.38-42.
7. Лысенко Ю.А., Лысенко М.Ф. К вопросу о политике коренизации аппарата государственного управления в Туркестанской и Киргизской (Казахской) автономных советских социалистических республиках РСФСР (1919-1924 гг.): цели, этапы и итоги // Известия Алтайского государственного университета. – Барнаул: Алтайский государственный университет, 2015. – Том 2. – №3(87). – С.131-138.
8. Исаев М.И. Ленинская национальная политика в языковом строительстве // Русская речь. – 1970. – №3. – С.3-7.
9. Алпатов В.М. 150 языков и политика. 1917 – 2000: Социолингвистические проблемы СССР и постсоветского пространства. – М.: Краф, 2000. – 224 с.
10. Сулейменова Э.Д. Языковые процессы и политика: Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 117 с.
11. Темиргали Ж. История казахской письменности [Электронный ресурс]. Режим доступа: exclusive.kz (дата обращения 26.09.2017 г.).
12. Поливанов Е.Д. Основные формы графической революции в турецких письменностях СССР // За марксистское языкознание: сборник популярных лингвистических статей. – М., 1931. – С.95-116.
13. Нурмаков Н. Латинизация алфавита – орудие пролетарской революции // Алфавит Октября. Итоги введения нового алфавита среди народов РСФСР: Сборник статей / под общей ред. Н. Нурмакова. – Москва-Ленинград, 1934. – С.3-8.
14. Беликов В.И., Крысин Л.П. Социолингвистика. – М.: РГГУ, 2001. – 439 с.
15. Селищев А.М. Язык революционной эпохи. Из наблюдений над русским языком последних лет (1917-1926). – М.: «Работник просвещения», 1928. – 250 с.
16. Dixon R.M.W. The Rise and Fall of Language. – Cambridge: Cambridge University Press, 1997. – 175 p.
17. Алтынбекова О.Б. Этноязыковые процессы в Казахстане: монография. – Алматы: Экономика, 2006. – 416 с.
18. Казахский язык и латиница [Электронный ресурс]. Режим доступа: kazakh.ru (дата обращения 22.10.2017 г.).
19. Казахстан в годы индустриализации: цели и методы индустриализации [Электронный ресурс]. Режим доступа: tarikh.kz (дата обращения 28.09.2017 г.).
20. Виноградов В.В. Великий русский язык. – М.: Гос. изд-во худож. лит., 1945. – 173 с.
21. Kreindler I.T. Soviet Language Planning since 1953 // Language Planning in the Soviet Union. – London: Macmillan, 1989. – P.46-63.
22. Бахтикиреева У.М. К вопросу о роли языка в национальных конфликтах // Языковая политика и языковые конфликты в современном мире: международная конференция (16–19 сентября 2014 г.). – М., 2014. – С.241-245.
23. Языковая политика Казахстана [Электронный ресурс]. Режим доступа: kazportal.kz (дата обращения 28.10.2017 г.).
24. Назарбаев Н.А. Хранить память, крепить согласие. Размышления Президента Республики Казахстан о прошедшем годе общественного согласия и памяти жертв

политических репрессий // Огни Алатау. – 1998. – 6 с. [Электронный ресурс]. Режим доступа: online.zakon.kz (дата обращения 28.10.2017 г.).

25. Губогло М.Н. Переломные годы. Мобилизованный лингвизм. – М., 1993. – Т.1. – 316 с.

26. Хасанов Б.Х. Механизм введения и реализации закона о языках в Казахской ССР и пути внедрения государственного языка в различные сферы жизни. – Алма-Ата: Наука, 1990. – 30 с.

27. Савин И.С. Реализация и результаты культурно-языковой и образовательной политики в Казахстане в 1990-е годы // ЭО. – №6. – 2001. – С.104-122.

28. Масанов Н. Казахстанская модель языковой политики [Электронный ресурс]. Режим доступа: kz.expert (дата обращения 28.10.2017 г.).

С.А. Шункеева

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТІЛДІК ЖАҒДАЙ: ДИАХРОНИКАЛЫҚ АСПЕКТІДЕГІ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ВАРИАТИВТІЛІК

Мақалада Қазақстан Республикасындағы тілдік ахуалдың әлеуметтік-лингвистикалық талдауының нәтижелері диахроникалық аспектіде ұсынылған. Деректердің үлкен көлемін зерделеу негізінде Қазақстан Республикасындағы тілдік ахуалдың Динамикалық дамуы және оның алдыңғы тарихи және хронологиялық ұзақтықтағы процестермен арақатынасы айқындалған. Қазақстан Республикасындағы тілдік ахуалды өзгертетін тілдік үдерістер бірқатар экстралингвистикалық факторлардың ықпалына негізделгені, олардың негізгі бөлігі мемлекеттің тілдік саясаты мен тілдік жоспарлануы болып табылатындығы туралы қорытынды шығарылған.

Түйінді сөздер: диахроникалық әлеуметтік лингвистика, тілдік саясат, ұлттық-орыс қостілділік, тіл мәртебесі, тілдік құрылым.

S.A. Shunkeeva

LANGUAGE SITUATION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: FUNCTIONAL VARIABILITY IN THE DIACHRONIC ASPECT

The article deals with the results of linguistic sociolinguistic situation analysis in the Republic of Kazakhstan in the diachronic aspect. Based on the study of a large data amount, the dynamic development of the linguistic situation in the Republic of Kazakhstan and its correlation with the processes of previous historical and chronological length have been determined. It has been concluded that linguistic processes that transform linguistic situation in the Republic of Kazakhstan are under the influence a number of key extralinguistic factors, such as linguistic policy and the state linguistic planning.

Keywords: diachronic sociolinguistics, language policy, national-Russian bilingualism, language status, language construction.

Ж.Б. ТОЙЫМБЕКОВА

*«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша педагогикалық
қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты,
Қарағанды қ., Қазақстан
toymbekova.zh@orleu-edu.kz*

ЖАҢА ЕМЛЕНІ ТӘЖІРИБЕДЕ ҚОЛДАНУДЫ ДАМУЫ: ТІЛ ГРАФИКАСЫНА ҚАТЫСТЫ САЙТ МАТЕРИАЛДАРЫНА СИПАТТАМА

Мақалада тіл графикасына қатысты сайт материалдары туралы сипаттама ұсынылған. Сайт материалдарының мазмұны оқырманның зерделі ойлау қабілетін дамытуға бағытталуымен және ақпаратты жүйелі түрде пайдалана алу үшін сілтемелердің нақты әрі дәл ұсынылуымен құндылығын арттырып отырғаны баяндалған. Сонымен қоса Жаңа емлені тәжірибеде қолдануды дамыту мәселелері жайында ой-тұжырым жасаған ғалымдардың ғылыми-танымдық көзқарастары мен шынайы пікірлері, ұсыныстары қамтылған.

Түйінді сөздер: латын графикасы, емле ережелері, қазақ әліпбиі, мәзір, шеттілдік терминдер, жазу тарихы.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы қазақ әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіруге арналған бағдарламалық тапсырмасына сәйкес қазақ тілін латын графикасына кезең-кезеңімен көшірудің ғылыми-ұйымдастырушылық міндеттерін атқаратын Орфографиялық жұмыстар бағыты бойынша жұмыс басталғаны туралы ақпараттар <https://www.qazlatyn.kz> сайтында ұсынылған. Аталған сайттың басты мәзірінде жаңалықтар, жобалар, конвертер, Латын әліпбиі, кітапхана, байланыс орналасқан. «Латын әліпбиі» бетіндегі «Қазақ әліпбиі», «Емле ережелері» бойынша мәліметтер, емле ережелері кең көлемде ұсынылған. «Қазақ әліпбиі» бетіндегі Латын графикасы негізінде қазақ әліпбиін «Жазып үйренейік!» айдарында <https://tilqural.kz/> сайтындағы онлайн-курсы материалдарымен танысып, рухани жаңғырудың темірқазығы болып отырған латын қарпін өздігінен оқуға арналған интерактивті курсқа тіркелу арқылы қалаған тілде (қазақ, орыс) оқуға мүмкіндік алады.

«Емле ережелері» бетінен төмендегі мазмұндағы тақырыптар орналасқан. Атап айтқанда,

- I тарау Өріптер емлесі;
- II тарау Түбір сөздердің емлесі. Қосымшалардың жалғануы;
- III тарау Бөлек жазылатын сөздердің емлесі;
- IV тарау Бірге жазылатын сөздердің емлесі;
- V тарау Дефиспен жазылатын сөздер емлесі;
- VI тарау Бас әріп емлесі. Қосымшалардың жалғануы;
- VII тарау Қысқарған сөздер емлесі;
- VIII тарау Шеттілдік сөздер емлесі;
- IX тарау Сөздердің тасымалдануы.

Жалпы «Тіл-Қазына» ұлттық орталығы әр жылдарда бірнеше оқу-әдістемелік құралдарды жарыққа шығарған, сонымен бірге Латын графикасына көшірудің ғылыми-ұйымдастырушылық міндеттері бағытындағы семинар-кеңестер іс-шараларын да ұйымдастыруды қолға алған.

<http://emle.kz/articles> сайтының басты мәзірінде «Әдеби тіл нормалары», «Орфография», «Пунктуация», «Аббревиатура», «Сұрақ-жауап», «Мақалалар», «Кітапхана», «Білгенге маржан» беттері орналасқан. Солардың ішіндегі «Мақалалар»

беті Латын әліпбиі мәселелеріне қатысты ғалым-зерттеушілердің ой-пікірлері мен тұжырымдарынан, мақалаларынан тұрады. Ғалымдардың бірқатар мақалаларымен танысуға болады [1]. Атап айтқанда, Айман Алдаш «Жаңа әліпби: халықаралық терминдердің емлесі қандай болмақ?», Гүлсінай Исаева «Қазіргі латыннегізді түрікмен жазуының тарихына көзқарас», Анар Салқынбай «Жазу және ұлттық код: қазақ тілі емлесі жайында», Күдеринова Құралай Бимолдақызы «Жаңа емле ережелерінің алғашқы жобасына жасалған сараптама нені көрсетті?», Орынбай Жұбаева «1929 жылы латын әліпбиіне көшкен кездегі емле өзгерістері», Ерлан Қариннің «Латынға көшу – ұлттық сананың трансформациялануы», Садуақас Нұрбол Абдуллаұлы тақырыбындағы мақалалары.

Жоғарыда аталған ойлар мен тұжырым, мақалалардың мазмұнын да тоқталсақ, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері филология ғылымының докторы, профессор Айман Алдаш «Жаңа әліпби: халықаралық терминдердің емлесі қандай болмақ?» мақаласында қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, қоғам мүшелерінің тілді пайдалануға сұранысын арттыру бағытындағы тіл стратегиясына байланысты қазақыландырылған жаңа атаулар мен олардың байырғыдан санада орныққан шеттілдік баламаларының арасалмағына қатысты ерекшеліктерді, басқаша айтқанда, жаңа сөздердің сөйлеу актісінде игерілу жайын атап өткен. Қоғам дамуы мен қазақ әдеби тілі динамикасының қазіргі сипатында шетел сөздерінің қазақ ұлтының когнитивті санасына, тілдік санасына мейлінше еніп, коммуникативтік қабілеттің жоғары көрінісі дәрежесіне көтерілгені соншалықты, өзге тілге тән сөздерді латыннегізді әліпби арқылы таңбалау айтарлықтай талдау-зерделеуді қажет ете қоймайтын да сияқты дей келе, Елбасының бағдарламалы мақаласындағы «ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. ...алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек» деген пікірін айрықша құнды деп бағалап, бұл тұжырым халықаралық терминдерді таңбалауды реттеуде тікелей басшылыққа алынуы керек. Шет тілдер сөздерін қазақ сөзінің табиғи айтылуы заңдылықтарына бейімдеу де соншалықты қажет, бұл ретте бұрынғы әмбебап үлгіден алшақтап, ұлттық дамудың үлгісін орнықтыруға жол ашылады деп тұжырымдайды. Терминология қорына қосылған, қазақ тілінің өз мүмкіндіктері арқылы жасалған жаңа аталымдардың дені жазба тіл арқылы тілде орнығып келеді дей келе қазіргі мектеп оқулықтарында, айталық, биология пәні бойынша нарғызгүл (георгина), бақытгүл (хризантема), гүлшетен, гүлшанақ, гүлсағақ, кеппешөп, жылыжай, гүлсидам, іріктеме, тынымбақ, топсеруен тәріздес аталымдар еркін, түсініктемесіз, орыс тіліндегі анықтамасы көрсетілмей-ақ қолданылған. Алайда осы аталғандар сияқты ұғымдардың қазақ тілінде жасалған жаңа атауларын мектеп оқушыларының сабақтан тыс жағдайда соншалықты қолдана бермейтіндігі анықталып отырғаны айтылады. Мемлекеттік терминология комиссиясы тарапынан бекітілген, кең қолданыстағы, тілді пайдаланушылардың баршасына дерлік таныс емдәм (диета), таңбалауыш (маркер), дәрумен (витамин), пернетақта (клавиатура), мөртабан (печать), дәруменсіздік (авитаминоз) типтес жаңа аталымдардың қазақ тілінің табиғи заңдылықтарына, ұғымның мағынасына сәйкес келетіндігі шүбә тудырмайды [2]. Біз бұл арада тек мамандардың сөйлеу актісінде пайдаланылатын тар аядағы терминдерге – жаңа сөздерге емес, қазақстандық қоғамның қазақы тілді бөлігінің күнделікті әдеби тілде, күнделікті тұрмыстық тілде сөйлеуінде бұрынғы өзге тілдік баламасын ығыстырып, жоғары жиілікпен жұмсалуда тиісті жаңа сөздердің бір легіне ғана назар аудартады.

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Этнолингвистика бөлімінің аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты Гүлсінай Исаеваның «Қазіргі латыннегізді түрікмен жазуының тарихына көзқарас» мақаласы Қазіргі

латыннегізді түрікмен жазуы оғыз тобындағы тілдердің жазуына ұқсас болып келгені, түрікмен тілі латын графикасына көшкен кезде «бір әріп – бір дыбыс» принципі басшылыққа алынғаны баяндалған. Сонымен қатар жазуында кірме дыбыстарды таңбалау үшін диграфтар қолданылғаны ұсынылған.

Садуақас Нұрбол Абдуллаұлы қазақ жазуын жаңғырту үшін әліпби мен емлені тең ұстау керек, себебі әліпбиді өзгертіп, ал емле баяғы қалпында қалса, ештеңе өзгермейді. Қазіргі кезде, әліпби құрамындағы дыбыстар мен жазу емлесіне қатысты мәселелерді өзара байланыста қарастырып, екі тізгінді тең ұстап, тіліміздің пайдасына ортақ ұтымды шешім қабылдайтын сәт келгенін мақаласында дәлелдемелер келтіреді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Анар Салқынбай «Жазу және ұлттық код: қазақ тілі емлесі жайында» мақаласында Қазақ жазу үлгісін ағылшын, американ, француз, қытай жазуларымен салыстыра отырып, олардан ерекше екенін дәлел келтіре отырып анықтап, айтылу мен жазылу арасындағы сәйкестігі мол жазулардың қатарына төте жазуды да жатқызады.

Әліпби түзген, тыныс белгілерін нақтылаған, жазу үлгісін көрсетіп, графема мен фонема арасындағы сәйкестікті терең талдаған А. Байтұрсынұлы емле тәртібіне де мән береді. Әлем халықтарының емле жүйесінен мол хабары бар ғалым, қазақ сөзінің ішкі болмысына сай келетін жүйені, дұрыс сауаттандыратын емлені қажет санайды. «Сауаттылық негізі – жазу» деген жолды берік ұстана отырып (362-бет), «жазу – әріптердің сүгіретін сала тізу, оқу – әріптердің дыбыстарын айта тізу» екенін нақтылайды [3]. Ғалым емленің төрт негізін атап көрсетеді: таңба жүйелі (негізі – ынтымақ); тарих жүйелі (негізі – дағды); туыс жүйелі (негізі – тегіне қарай); дыбыс жүйелі (негізі – естілуіне қарай).

Оларға жеке-жеке талдау жасай отырып, әрбірінің ерекшелігін талдап, оң тұсы мен қазақ сөзіне сәйкес келмейтін жағын ғылыми тұрғыдан саралап зерделеді. Ең бастысы, қазақ сөзінің дұрыс жазылуына ерекше мән береді, ауызша айтылғанның бәрін сол қалпында жаза салуға да болмайтынын атап көрсетеді. Автор одан әрі әрбір дыбыстың қолданысы мен айтылу сипатына, біріккен сөздердің құрамында келген дыбыстардың жазылу және айтылу ерекшелігіне, үндестік заңы мен дауыссыздардың ықпалдасуына ерекше назар аударып, талдап көрсетеді. Аталған принциптерді неге қабылдасқа, қосарымызды осы принциптерді негізге ала отырып, неге толықтырмасқа? Өзімізше жаңалық ашуға ұмтылғанмен, жазуда қалған ғылыми ақпараттар қазір көзі қарақты кез келген азаматтың қолында бар, сондықтан, барымызды бағалап, жасалған грамматологиялық қағидалар мен қисындарды негізге ала отырып, емле-ережелерді тиянақтау мақұл болмақ [4].

«Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының Орфография бөлімінің басшысы, филология ғылымдарының докторы, профессоры Күдерінова Құралай Бимолдақызы «Жаңа емле ережелерінің алғашқы жобасына жасалған сараптама нені көрсетті?» мақаласында жаңа емле ережелері қалай құрастырылды, қандай ұстаным басты, қайсысы қосалқы болды дегенге тоқталады. Кез келген жаңа жазу жүйесіне көшерде жазудың төрт категориясы – әліпби, графика, емле, тыныс белгі жүйесі жасалатыны баяндалады. Қазақ тілінің латын негізді жаңа емле ережелері тілдің өз табиғатынан шығарылды, жазуымыздың тарихынан тағылым ала отырып, осы кезге дейін қалыптасқан жазу дәстүрін сақтауға ұмтылды және қазіргі уақыттағы жазу тәжірибесін ескере отырып жасалды деуге негіз бар дей отырып, қазақ тілінің табиғаты деп сөз бойындағы үндесім мен үйлесімді, жазу тарихынан тағылым алу дегенде емледе жіберілген олқылықтарды қайталамауды, қазақ жазуы әртүрлі әліпби мен графиканы қолданса да, жазу дәстүрінен арылмауға тырысқанын үлгі ретінде алуды, ал жазу тәжірибесі деп қазіргі жазуда қандай орфограммалардан қате көп кетіп жүр, қай орфограммаларда қате мүлде жоқ дегенге назар аударылады. Қазақ тілі емле ережесінің жаңа жобасы 2018 жылдың басынан бері А.Байтұрсынұлы

атындағы Тіл білімі институты ғалымдары тарапынан жасалып, ҚР Ұлттық комиссия жанындағы Орфографиялық және Әдістемелік топ мүшелерімен және «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталық қызметкерлерімен 4-10 шілдеде және кешегі өткен 22-24 тамыз аралығында сарапталып, талқыланды, нәтижесінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілуде. Осы шаралар туралы жұртшылықты хабардар ету мақсатында қысқаша ақпарат берілген. Ғалымның «Бірге жазылатын сөздер неге көбейді?» мақаласында да қазақ жазуында, қазіргі латын графикасына негізделген жаңа емледе біріккен сөздердің саны артатын болады. Бірге жазу қазақ тілі сөзжасамының өнімді тәсіліне айналады. Сөздерді біріктіру, бірге жазу – тәсіл болса, біріккен сөз сол тәсілдің нәтижесі ретінде сөз санын арттырады. Сонымен, сөздерді біріктіру неге көбейді? Сөздер неге бөлек жазыла алмайтын болып барады? сұрақтарына жауап алынады «Латын жазуы, кейін кирил жазуымен бірге түбір мен қосымшалардың бірге жазылуы қатаң норма болды. Бірге жазылу үрдісі грамматикалық бөліктерді ғана емес, басқа деңгейлерге де өте бастаған кездер осы 20 ғасыр басы еді. Латын әліпбиімен таңбалаған алғашқы емледе зат не ұғым атаулары болатын сөздерді бірге жазу бірден ұсынылған. Мысалы, электр шамы деген сөзді электршам деп бірге жазу 1929 жылғы алғашқы емле конференциясында айтылды. Ал орыс әліпбиін қабылдаған 1941ж. емле сөздігі атқора, ауажайылу, бейпілауыз, боссөз, ботатірсек, бұлшықет, жертүбі, кешкетаман, белбайлау, қаракөк, қаракөлеңке, ашатұяқ, бақайқулық, бойұсыну, бөріойнақ, бұрнағыкүн, жертүбі, жіңішкеауру, кереқарыс, кешкетаман, белбайлау, күретамыр, қаракөже, қасбатыр сияқты бүгінде бөлек жазылатын сөздерді бірге жазды [5]. 1948 ж. Орфографиялық сөздік алауыздық, алажаздай, алакөлеңке, алакөз, аласапыран, алатаң, алағоржын, алтатар, алқара, алқызыл, арампейіл, аржақ, асырасілтеу, асықжілік, атсалысу, атүсті, ашықауыз, аяқалыс, аяқасты, ақжүрек, ақжарқын, бассалу, басыбайлы, басыбүтін, беломыртқа, кішіжүз, кішіпейіл, неғылу, көкала сияқты фразеологизмдерге дейін бірге таңбалап, реестрге шығарды. Бірақ 60 жылдардан бермен қарай синтаксистік сөз тіркестері, тұрақты тіркестер, анықталушы-анықтаушы сыңарлардан тұратын күрделі сөздердің бөлек жазылуы қатаң нормаға айналды».

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Грамматика бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымының докторы Орынбай Жұбаева «1929 жылы латын әліпбиіне көшкен кездегі емле өзгерістері» мақаласында XX ғасырдың басында, әсіресе 1929 жылы латын жазуына көшуге байланысты терминдердің жазылуы, емле мәселелері қызу талас тудырып, әртүрлі ұстанымдар болғанын баяндайды [6]. Осыған байланысты 1929-1940 жылдары жарық көрген сөздіктерді, ғылыми еңбектерді сол кездегі латын графикасымен жарияланған (сканерленген) нұсқасымен қатар қазіргі қолданылып жүрген орыс графикасымен шығару қажет деп білеміз дей отырып, сол арқылы латын графикасына көшуде өткенімізді таразылай отырып, қай дыбыс қалай игерілгені, қосар дыбыстарды таңбалаудағы ерекшеліктер, шеттілдік терминдердің жазылуы, таңбалауда қандай ұстанымдарды басшылыққа алу қажеттілігіне тоқтала отырып, бұл материалдардың тілшілер үшін де, тарихшылар үшін де таптырмас құнды материал болатындығын, осы уақытқа дейін латын графикасын қабылдаған халықтардың (өзбек, әзірбайжан) қателіктерінің (әліпбиге бірнеше рет реформа жасау, таңбалаудағы кемшіліктер) алдын алып, таразылау үшін де ондай еңбектердің маңызы зор екендігін баса айтады.

Саясаттанушы Ерлан Қарин «Латынға көшу – ұлттық сананың трансформациялануы» тұшымды пікірінде «тіл графикасына қатысты реформаны тек қана қазақ тілінің модернизациялануы тұрғысынан қарастыру керек. Бұл тек тіл графикасына ғана қатысты екенің атап айтқым келеді. Біз өзге тілге көшіп жатқан жоқпыз, тек графиканы модернизациялаймыз. Латын қарпі алғаш рет кеңестік кезеңде енгізілген графика екенін ескерсек, сонымен бірге барлық түркі халықтары (Әзірбайжан, Түркіменстан, Өзбекстан) әлдеқашан оған көшіп кеткенін айта отыра,

латын графикасының түркі тілдерінің фонетикалық құрылымына біршама жақын екенін де атап өткен жөн. Және аталған елдердің сыртқы саяси бағытына әсер еткен латын графикасына көшу болды ма? Латын графикасына көшу мәселесін эмоцияға берілмей, тереңірек ойланатын болсақ, ол тек қана тілдің қолайлылығы мен функционалдылығына байланысты. Мұнда ешқандай саясаттың, тіпті геосаясаттың иісі жоқ. Қазақстан түркі тілді елдерінің ішінде латын графикасына көшпекші болып отырған соңғы елдердің бірі. Иә, латын графикасына көшу – өркениеттік мәселе. Ашық және глобалды әлем пайдасына таңдауымыз – қазақ тілі жаңа динамика мен дамуға, популяризациялануға мүмкіндік, бағыт алып отыр. Бүгінде көптеген тілдер жаһандық процестер тарапынан қысым алуда. Осы орайда Қазақстанның латынға көшуі – білім саласына байланысты басқа да реформалармен тығыз байланыста [7]. Демек, бұл жаһандану кезеңіндегі ұлттың бәсекелестікке қабілеттілігін арттыруға бағытталған ұлттық білім жобасы болмақ» деп, ой-тұжырым жасайды.

<https://www.qamshy.kz/article/latin-alipbyine-koshwdinh-qazhettilikteri-men-keri-zhaylari.html> сайтында М.Х. Дулати атындағы ТарМУ профессоры, филология ғылымдарының докторы Сәмен Құлбарақ «Латын әліпбиіне көшудің қажеттіліктері мен кері жайлары» мақаласы жарияланған. Бұл жазбада XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап қазақ оқығандарының арасында латын әрпіне негізделген жаңа әліпбиге көшу мәселесі, одан кейін де Қазақстан Тәуелсіздік алған жылдардан бермен қарай көтеріліп, халық арасында кеңінен айтылып, әр алуан жұмыстар жүргізіліп отырғандығы баяндалады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. <http://emle.kz/articles>
2. <https://www.qamshy.kz/article/latin-alipbyine-koshwdinh-qazhettilikteri-men-keri-zhaylari.html>
3. <https://el.kz/kz/news/archive/content-26579>
4. <https://stud.kz/referat/show/52804>
5. Латын әліпбиі – өзекті мәселе/ <https://e-history.kz/kz/publications/view/3467>
6. <https://abai.kz/post/80368>
7. Байтұрсынұлы А. ат. Білім Академиясының «Латын графикасы: оқыту теориясы мен әдістемесі» негізінде өтетін әдістемелік семинары материалдары. – Нұр-Сұлтан, 2019.

Ж.Б. Тойымбекова

РАЗВИТИЕ ПРАКТИЧЕСКОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ НОВОГО ПРАВОПИСАНИЯ: ХАРАКТЕРИСТИКА МАТЕРИАЛОВ САЙТОВ О ГРАФИКЕ ЯЗЫКА

В статье предлагается характеристика материалов сайтов, связанных с графикой языка. Приведен ряд ссылок на сайты, содержащие полезный материал по указанной теме. Вместе с тем статья содержит описание научных взглядов ученых, их мнения и предложения о развитии практического использования правил правописания казахского языка в связи с переходом на латинскую графику.

Ключевые слова: латинская графика, правила правописания, казахский алфавит, иностранные термины, история письменности.

**DEVELOPMENT OF NEW SPELLING PRACTICAL APPLYING:
CHARACTERISTICS OF SITES MATERIALS ABOUT LANGUAGE
GRAPHICS**

The article proposes a description of the sites materials related to the language graphics. A number of links to the sites containing useful this topic material. At the same time, the article contains a description of the scientists views, their opinions and proposals on the development and practical use of Kazakh language spelling rules in connection with the transition to the Latin script.

Keywords: Latin graphics, spelling rules, Kazakh alphabet, foreign terms, history of writing.

М.Б. АЙТКЕНОВА, М.Б.СҮЛЕЙМЕНОВ

*«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша педагогикалық
қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты,
Қарағанды қ., Қазақстан
aitkenova.m@orleu-edu.kz, suleimenov.m@orleu-edu.kz*

ЖАҢА ЕМЛЕДЕГІ КЕЙБІР ОРФОГРАФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Мақалада фразеологиялық мағынасынан алшақтап, жеке сөз ретінде қолданылатын лексикаланған тіркес сөз болады. Фразеологизмдердің бағалауыштық, атауыштық-бағалауыштық, атауыштық қызметтері арқылы сөзжасам құбылысы талданады. Талдау барысында бірқатар ғалымдардың пікірлері негізге алынады. Латын әліпбиімен таңбалаған алғашқы емледе зат не ұғым атаулары болатын сөздерді бірге жазу ұсынылғандықтан, фразеологизмдердің компоненттеріне талдаулар жасау арқылы лексикалану ұғымының өзектілігі айқындалады.

Түйінді сөздер: лексикаланған тіркес, фразеологизм, сөзжасам, латын графикасы, компоненттік талдау, лексикалану.

Лексикаланған фразеологизмдердің бірге жазылуы

Лексикаланған тіркес – фразеологиялық мағынасынан қол үзген, синтаксистік қатынас көмескіленген, жеке сөз орнына жүретін лексикалық бірлік. Бұл қатар ақсақал, ақсүйек, бойкүйез, бақталас, төлтума, қолтаңба, дүниеқоңыз, аққөңіл сияқты атаулардан тұрады. Олардың алғашқы көрінісі фразеологизмдерден бастау алады. Жаңадан пайда болған заттар мен құбылыстарға атау тек сөз тұлғасында ғана емес, сипаттама-бағалауыштық қызметтегі фразалық тіркестер тұлғасында да беріледі. Фразеологизмдер осы қызметте жұмсалады, олардың негізгі мағынасы атауыштық қызметте болады. Алғашқыда олардың бағалауыштық-модальдық мағынасы басымдық танытады да, атауыштық мағынасы көзге көрінбейді. Уақыт өте келе семантикалық-құрылымдық өзгешеліктерге ұшырап, тұрақты формаға көшеді де, фразеологизмдердің атауыштық қабілеті көрінеді. Адам түйсігіне әсер ететін көркемдеуіштік, бейнелеуіштік қызметтегі фразеологизмдер тіл дамуында лексикалық құрамның тұрақтылығына ие болып, сын есім, зат есімдік мағына береді. Тілдегі фразеологизмдердің бағалауыштық, атауыштық-бағалауыштық, атауыштық деп бөлінуі де сондықтан. Бұл бір жағынан тіл тұлғаларының бүтіндікке көшуін, фразеологизмдердің сөз формасын қабылдауын көрсетеді. Атауыштық сөз сипатына жеткен фразеологизмдер сөзжасам процесіне араласып, сөз түрлендіру жұрнақтарымен түрленіп, көптеліп, септеліп, жіктелу мүмкіндіктеріне ие болады.

Фразеологиялық атаулардың жазылуына байланысты ғылымда даулы мәселелер, талқылаулар көп. Солардың бірқатарын келтірейік.

Профессор К.Аханов тұрақты тіркестер мен күрделі сөздердің арасын ажыратуда қиындық келтіретін көптеген ұқсастық барын айтқан [1]. Алайда күрделі сөздердің атауыштық қызмет атқарып, заттың бірден-бір атауы болуы, эмоционалдық-экспрессивтік қызмет атқарып, жеке сөзге эквивалент болатын тұрақты тіркестен айырмашылығы деп көрсетеді. *Көк ми, су ми, тас бауыр* деген фразеологиялық сөз тіркестері мағыналық жақтан алғанда *мисыз, ақылсыз, қатал* деген сын есімдерге эквивалент болып, осы сын есімдерге тән шырай формаларын (*көк милау, тас бауырлау, өте тас бауыр*) қабылдайды, яғни бұл сын есімдердің эквиваленті ретінде жұмсала алатындығын дәлелдейді, – дейді ғалым.

Ал профессор Р.Сыздықова фразеологиялық тіркестердің әр сыңарын бірге таңбалауды ұсынып, олардың қатарына саяси-қоғамдық терминге айналған алауыздықтар, көзбояушылық, сөзбұйда, шығарыпсалма, алыпсатар, мұзойнақ, қағазбастылық, жұмысбастылық, сияқты тіркестерді біріктіруді қостайды [2].

Ғалым М.Балақаев «Біріктіру – жинақылықтың белгісі. Жинақылық – мәдениеттіліктің нышаны. Мәдениетті елдің жазуы тілдегі сөз тұтастығын бұзбай, адамдардың психологиялық ойлау қабілетіне сәйкес болуға тиіс. Адамның жазу әрекеті мен көру әрекеті үйлесіп, қалыптасқан сайын тілдік сана-сезім күшейе түседі», – деп, жазудың психологиямен, физиологиямен тікелей байланысын көрсетеді [3].

Қазақ жазуында, қазіргі латын графикасына негізделген жаңа емледе біріккен сөздердің саны артады. Бірге жазу қазақ тілі сөзжасамының өнімді тәсіліне айналады. Сөздерді біріктіру, бірге жазу – тәсіл, біріккен сөз – сол тәсілдің нәтижесі.

Сөздерді неге біріктіру керек? – деген сұраққа жауап іздейік. Ол туралы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының Орфография бөлімінің басшысы, филология ғылымдарының докторы, профессор Күдерінова Құралай Бимолдақызы төмендегідей талдау жасайды:

Жалпы графикада жазылған мәтін парақ беттерінен, бет абзацтардан, абзац сөйлемдерден, сөйлем сөздерден тұрады. Бұл ауызша тілдің дәл бөлінісі емес. Сөйленген сөз – үздіксіз процесс, фонациялық ауамен бірге шығатын физикалық сөз. Дауыс тонымен, қарқынымен, әуенімен, интонациямен ырғақтық топқа, синтагмаларға ажыратылып қабылданатын сөздің бөлінісі жазба мәтінге сәйкесе бермейді. Жазба мәтін ақпараттың бет көлеміндегі орналасуынан (көзге тыныс беру үшін сөз басының, аяғының парақ ортасынан басталуы не аяқталуы) бастап, абзацқа бөліну, сөйлемнің үлкен және кіші тыныс белгілері, бас әріп, сөйлем, бөлек жазылу, сызықша, тырнақша арқылы, бірге, дефис таңбаларының көмегі арқылы қабылданады. Сөйлемдегі сөздің бірге не бөлек жазылуы автоматты оқуда бүтін не бөлшек түрінде, яғни «бір сөз» не «бір сөз емес» ретінде ұғынылады. Көз сөзді «бір сөз» деп санаға ақпар берсе, сана бүтін зат, бір денотат, не бір ұғым деп есептейді. Көз сөзді екі сөз деп ақпар берсе, сана екі зат, екі басқа денотат, бөтен ұғым деп ойлайды. Сөздің бүтін ұғымды таңбалауы сөз «дербестігі», «егемендігі» болып табылады, ол тіл білімінде «толық мағыналы сөз» немесе «негізгі сөз» деп аталады. Бірақ толық мағыналы сөздер ғана «егемен», жеке жазылмайды, көмекші сөздер (көмекші есімдер, көмекші етістіктер, қалып етістіктер) де, шылаулар да бөлек жазылады. Тұрақты тіркестер де бөлек жазылады [4].

Ендеше бөлек жазылу деген не? Жалпы жазу тарихында мәтін тұтас болып, сөз аралары ажыратылмаған, мысалы, көне түркі мәтіндерінде бөлек таңбалау «қос нүкте» немесе «а» дыбысының таңбасы арқылы берілген. Ал қазақ жазуындағы бөлек таңбалау қадым және жәдид жазуы, төте жазу дәстүрінде қосымшаларды да қамтыған, яғни қазіргі күмән тудырмайтын түбір мен қосымшалардың бірге жазылуы бұл әліпби түрлерінде бөлек жазылған. 1929 ж. емле конференциясында Т.Шонанұлы: «Бүкіл түркі халықтарының жазуында біріккен сөз емлесі қиындық тудырып отыр. Оған түбір мен қосымшаны да бір-бірінен ажыратып берген араб жазуы кінәлі. Ендігі жерде тірі, өлі қосымшалардың бәрін бірге жазуымыз керек», – деген сөзінен кейін бірге жазу нормаға айнала бастаған.

Латын жазуы, кейін кирил жазуымен бірге түбір мен қосымшалардың бірге жазылуы қатаң норма болды. Бірге жазылу үрдісі грамматикалық бөліктерді ғана емес, басқа деңгейлерге де өте бастаған кездер осы XX ғасыр басы еді. Латын әліпбиімен таңбалаған алғашқы емледе зат не ұғым атаулары болатын сөздерді бірге жазу бірден ұсынылған. Мысалы, электр шамы деген сөзді электршам деп бірге жазу 1929 жылғы алғашқы емле конференциясында айтылды. Ал орыс әліпбиін қабылдаған 1941ж. емле сөздігі атқора, ауажайылу, бейпілауыз, боссөз, ботатірсек, бұлшықет, жертүбі, кешкетаман, белбайлау, қаракөк, қаракөлеңке, ашатұяқ,

бақайқулық, бойұсыну, бөріойнақ, бұрнағыкүн, жертүбі, жіңішкеауру, кереқарыс, кешкетаман, белбайлау, күретауыр, қаракөже, қасбатыр сияқты бүгінде бөлек жазылатын сөздерді бірге жазды. 1948 ж. Орфографиялық сөздік алауыздық, алажаздай, алакөлеңке, алакөз, аласапыран, алатаң, алағоржын, алтатар, алқара, алқызыл, арампейіл, аржақ, асырасілтеу, асықжілік, атсалысу, атүсті, ашықауыз, аяқалыс, аяқасты, ақжүрек, ақжарқын, бассалу, басыбайлы, басыбүтін, беломыртқа, кішіжүз, кішіпейіл, неғылу, көкала сияқты фразеологизмдерге дейін бірге таңбалап, реестрге шығарды. Бірақ 60 жылдардан бермен қарай синтаксистік сөз тіркестері, тұрақты тіркестер, анықталушы-анықтаушы сыңарлардан тұратын күрделі сөздердің бөлек жазылуы қатаң нормаға айналды. Бірақ жазарман өзінің мәтінінде бұл қатарды тұтас тілдік таңба ретінде беруді әдетке айналдырды. Яғни бірге жазды. Міне, сондықтан емле сөздігі бөлек нормалаған сөздер көбіне жұмсалымдық қызметте таңбасы өзгеріп (бірге жазылып), қайшылық туды. Професор Н.Уәли тілдік, орфографиялық дискреттілікті функционалды дискреттілікке салып, шатастырып келдік пе деген ой айтады [5]. Мысалы, иіс сабын сөзі синтаксистік сөз тіркесі ретінде емле сөздігінде және лингвистикалық талдауларда сыңарларының жеке таңбалануын қажетсінеді д.с. Бірақ тілдік дискреттілік пен жұмсалымдағы сөздің дискреттілігі сәйкес келе бермейді дейді профессор Н.Уәли. Бүгінде жазылған мәтіндердің көптігінен, мәтінді оқуға кететін уақыттың үлкендігінен оқудың түрлері шыға бастады. Біреу хабар алайын деп оқиды, біреу керегін іздеп оқиды, біреу сүзіп оқиды, біреу жүргізіп, ара-тұра тоқтап оқиды, біреу сынап, тексере оқиды, біреу сырғытып оқиды, т.т. Яғни бәрінде уақыт үнемдеу үшін жүргізіп оқу бар. Бұл көздің бір шалғанына қамтылатын таңбаның санына байланысты болады. Қазақ грамматологиясында бұл ұғым көзшалым деп аталып жүр. Сонда 1 көзшалымға бос аралықтары бар 4-5 сөз қамтылады. Көп қамтып оқу үшін бір ұғымды білдіретін сөздерді бірге жазу қажеттігі шығады. Сонымен, бірге жазу үдерісінің күшеюі оқуды автоматтандыру мен жазуды үнемдеумен байланысты.

Тұрақты тіркестер мен синтаксистік сөз тіркестерінен лексикаланған күрделі сөздер бірге жазыла бастады. Мысалы, жаңа емледе *aqsaqal, aqsúiek* сөздерімен *бірге aqniel, aqkóñil; kóshbasshy, dúnieqoñyzdaný, erjúrek, erjúrektik, janpida, janpidalyq, ataqonys; basqosý, atsalysý, atústi* идиомалары да, анықтағыш-анықталғыш қатынастан ажырап, бір заттың, ұғымның атауына айналған сөздер де бірге жазылады: *betoramal, shaiqasyq, iissabyn, atqora, toñmai, aqbóken, táttishai, keñesshai*.

Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінің соңғы басылымында бірқатар фразеологизмдер біріктіріліп берілген. Олардың ішінде терминдік мән алғандары да (сөзбұйдалық, алауыздық), атаулық қызметте тұрғандары да бар. Фразеологизмдердің сөз баламасы ретінде емес, алғашқы атау болып қалыптасатын сипатын тілдік фактілердің өзі де растайды.

Кейінгі кезде *ер қашты болу, етек басты болу, ат салысты, арамтамақ, алабөтен, күн көру, жан ашу, бой ұру, тіс қаққан, бел шешу* сияқты тұрақты тіркестерді біріктіруді ұсынған пікірлер де бар, ал мерзімді баспасөзде бұл құбылыс жаппай дағдыға айналған. Сөйтіп, бөлек тұлғалану үрдісіндегі фразеологизмдердің бүтіндікке жетуіне, сөздің эквиваленті емес, синоним сыңары болуына нендей факторлар әсер етті? Бұл сұраққа жауап іздеу мақсатында **компоненттік талдау** мен **компоненттік қорыту** (синтез) әдісін қолданамыз.

Компоненттік талдау әдісінің пайда болуы, семантика мәселесіне деген қызығушылық ғылыми ойлаудың жалпы дамуымен тікелей байланысты. Компоненттік талдау зерттеу әдісі ретінде алғаш 60-жылдары пайда болды. Оның әдістемесі А.Кузнецов, Э.Кузнецова, В.Г.Гак, Д.Н.Шмелев, О.С.Ахманова мен Л.Н.Васильев, Н. А. Стернин монографияларында жан-жақты көрсетіледі. Сонымен, **компоненттік талдау лексеманың ұғымдық сатысына дендеп, оның бойынадағы семалардың атауға катысын, семалардың жиынтық мағынасын айқындау** екен.

Сондықтан ол семдік талдау деп те аталады. «Семдік талдау – сөздің ары қарай бөлшектеуге келмейтін ең кішкентай бөлшегі – семаларды – қарастыратын семантикалық зерттеудің айрықша бір түрі».

Лексикалану – тіл элементінің (морфеманың, сөз формасының) немесе элементтер тіркесінің (сөз тіркесінің) жеке атауыш сөзге, не соған ұқсас басқа бір сөз бірлігіне айналып кетуі ұғымында жұмсалады.

«Егер толық мағыналы екі сөз бір тіркесімділікте жиі қайталанып және осы жұбымен әр түрлі морфологиялық түрленімдерге түссе, онда екі сөздің лексикалық мағынасының жүйесінде өзара байланысатын кем дегенде ортақ бір семантикалық компоненттің болғаны», – дейді орыс лингвисті А.Кузнецов [5].

Мысалы, *ақсақал* сөзі «бұрынғы кездегі қазақ ауылының ру басы, билік иесі, жасы үлкен құрметті ер адам» мағынасында жұмсалатын тұрақты тіркес негізінде біріккен тұлға болып табылады. Мағына қашан да даму үстінде болатыны белгілі. Мысалы, *ақ* сөзі «асыл, таза, әділ» және «жасы ұлғайған кезде сақал, мұртқа енген ақ тал» деген ауыспалы мағыналарында жиі қолданылады. Ал *сақал* сөзі «егде тартқан, көпті көрген ер адам» мағынасында бірнеше тұрақты тіркес құрастыруға негіз болған. Мысалы: *сақалды басымен, сақалын бұлдады, сақалы сапсығанша, сақал шықты, сақалын сыйлады, аппақ сақалымен*.

Бойкүйез сөзін алайық. Бұл атау – «мойны жар бермейтін енжар, селқос, еріншек, жалқау» мағынасын беретін фразеологиялық қолданыстан біріккен сөз. «Адамның мойнын бұрғызбай ауыртатын ауру» (күйез) *бой* сыңарымен бірігіп, адамның абстракті мәндегі қасиетін атауға жұмсалады.

Дефиспен жазылатын сөздер емлесі. Қос сөздер емлесі: қайталама қос сөздердің дефис арқылы жазылуы

Адамдар айтайын деген ойын бір-біріне ауызша да, жазба түрде де жеткізе алады, орфография немесе емле, дұрыс жазу қағидаларын белгілейді. Ал дұрыс жазу нормаларының көздейтін негізгі мақсаты – айтылмақ ойды жазба түрде дәл, айқын жеткізіп беру. Әдетте жазу жалпыға ортақ болғандықтан, оның ережелері де көпшілікке бірдей болып, қалың жұртшылықтың пайдалануына арналады. Сондықтан емле ережелері әрі ортақ, әрі тұрақты болуға тиіс.

Емле ережелерінің тиянақсыздығы жазатын адамға үлкен қиындық келтіреді. Белгілі бір сөздер мен сөз тіркестерінің жазылуы бір ізге түспеген болса, ең сауатты адамның өзі толқып, қиналады. Басылып шыққан кітап, газет, журналдар дұрыс жазудың бірден-бір көзі әрі үлгісі болуға тиіс және сауатты жазуға алғашқы бастап үйрететін орын мектеп болғандықтан, бұл қиындыққа әсіресе баспа қызметкерлері мен мектеп мұғалімдері кездесіп отырады.

Дефис орфографиялық, сызықша пунктуациялық таңбаға жатады. Сондықтан дефис келген жерде кідіріс жасалмайды. Бұл оның сызықшадан ажыратылатын басты белгісі. Екіншіден, дефис сызықша секілді сөйлемнің мазмұнына еш әсер етпейді. Үшіншіден, шартты түрде алғанда, дефис сызықшадан қысқаша болады.

Белгілі филология ғылымдарының докторы, профессор Р.Ғ. Сыздықованың «Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз саз)» еңбегінде дефис арқылы жазылатын сөздердің емлесіне он параграф ұсынады. Соның §68 былай анықтама береді. Қос сөздер, негізінен, дефис арқылы жазылады: *бара-бара, жақсылы-жаманды, бірде-бір, жап-жақсы, апыр-топыр, сарт-сұрт*.

Дефиспен жазылатын қос сөздердің түрлері мыналар:

а) Бір сөздің қайталанып айтылуынан жасалған қос сөздер: *биік-биік, лек-лек, лып-лып, тырс-тырс, көп-көп, алуан-алуан, жүре-жүре*.

Мұндай қос сөздердің арасына **-ма, -ме, -па, -пе, -ба, -бе, -ды, -ді, -да, -де, -шы, -ші** дәнекерлері және шығыс септік жалғауы қосылып та жасалады. Ондайда

дәнекерлер қос сөздің бірінші сыңарына қосылады да, олардан кейін дефис қойылады: *көзбе-көз, қолма-қол, бетпе-бет, жылма-жыл, жанба-жан, бірме-бір, көшші-көш, баршы-бар, қараптан-қарап, жылдан-жылға, бостан-босқа, тектен-тек, турадан-тура*.

Бір сөздің қайталануынан жасалған кейбір қос сөздердің екінші сыңарына шығыс, көмектес, барыс жалғаулары немесе **-ла+п, -ле+п** жұрнақтары да жалғанады: *бір-бірден, шет-шетінен, өз-өзінен, бас-басына, бет-бетімен, топ-тобымен, рет-ретімен, бір-бірлеп, мың-мыңдап, бірте-біртелеп, ақырын-ақырындап, қыт-қыттап, аз-аздап*.

Бір сөздің қайталануынан жасалған кейбір қос сөздердің екі сыңарына да септік жалғаулары (шығыс және барыс) жалғанады: *жылдан-жылға, қолдан-қолға, күннен-күнге, тектен-текке, сақтан-саққа*.

Жалғау бір сөздің қайталануынан жасалған қос сөздердің кейде бірінші сыңарына, кейде екінші сыңарына жалғанып айтылады. Екі вариантында да араларына дефис қойылады: *бір-бірімен – бірімен-бірі, бір-бірінен – бірінен-бірі, бір-біріне – біріне-бірі, бір-бірін – бірін-бірі, өз-өзінен – өзінен-өзі, өз-өзімен – өзімен-өзі, өз-өзін – өзін-өзі*.

Алдыңғы сыңарына III жақ тәуелдік жалғауы жалғанып та бір сөздің қайталануынан қос сөз жасалады: *аттысы-атты, жаяуы-жаяу, бары-бар, жоғы-жоқ, бірі-бір, екісі-екі*.

Бір етістіктің болымды және болымсыз тұлғада тұрып қайталануы арқылы да қос сөз жасалады: *барар-бармастан, келер-келмесі, кірер-кірместен, айтты-айтпады, барды-бармады*.

ә) Қарсы мәнді сөздердің қатар келуі арқылы жасалған қос сөздер: *ертелі-кеш, жақсы-жаман, күн-түн, азды-көпті, кешелі-бүгінді*.

б) Екі сыңары да мағыналы қос сөздер. Олар көбінесе жинақтау мәнін білдіреді: *ата-ана, мал-жан, құрт-құмырсқа, ыдыс-аяқ, ұрыс-қағыс, ат-арба, жаздым-жаңылдым, тапқан-таянған, билеп-төстеп, сылап-сипап, төрт-бес, он-он бес, отыз-қырық*.

в) Бір сыңары мағыналы, екінші сыңары мағынасыз (бұл күнде түсініксіз) қос сөздер. Бұлардың түсініксіз компоненттері басқа түркі, моңғол тілдерінде жеке қолданылатын немесе көнерген сөздер болады: *бала-шаға, жолдас-жора, киім-кешек, жол-жәнекей, жүн-жұрқа, келін-кепшек, көрші-қолаң, кәрі-құртаң, телегей-теңіз, хабар-ошар, қиын-қыстау, құда-анда, көл-көсір, тоқты-торым*.

Көбінесе қомсыну, кеміту мәнінде айтылатын жігіт-мігіт, ат-мат, жүрек-мүрек сияқты сөздердің бір сыңары мағынасыз тұлға болады.

Күшейткіш буын қосылып жасалатын қос сөздердің де бір сыңары мән-мағынасыз болады: *тәп-тәуір, жап-жақсы, тұлп-тура, дұлп-дұрыс, сұлп-сүйкімді, қып-қызыл, қап-қара, ап-алыс, мып-мықты*.

Араларына да, де, та, те шылауын салып, етістіктің бұйрық рай тұлғаларынан жасалған анықтама (сипаттама) тіркестер дефис арқылы жазылады, шылау сөз бірінші компонентке қосылады: *аста-төк (байлық), ұрда-жық мінез, уда-шу (айғай), келде-кет (болып отыру)*.

г) Екі сыңары да түсініксіз қос сөздер: *алай-түлей, көкір-шүкір, қиян-кескі, үбірлі-шүбірлі, алда-жалда, апақ-сапақ, алқам-салқам, дел-сал, жапа-тармағай, жым-жылас, жым-жырт*. Қос сөзден жасалған одағайлар мен еліктеуіш және бейнелеуіш сөздердің де сыңарлары жеке алғанда мағынасыз сөз болады: *жарқ-жұрқ, гу-гу, тарс-тұрс, сарт-сұрт, пай-пай, аһ-уһ, шөре-шөре, әукім-әукім, быт-шыт, қалт-құлт*.

Ғалымның ұсынған қазақ тілі анықтағышында § 71, 72, 73 параграфтарда күрделі анықтауыштар, екі сөзден тұратын ғылыми дәреже, атақтардың және қызмет дәрежесін немесе мамандықты көрсететін атаулар, машиналар мен олардың

бөліктерінің және өзге де техникалық жүйелердің күрделі атаулары дефис арқылы жазылады деп көрсетеді.

§ 71. Тең мағыналы немесе қарама-қарсы мағыналы екі сөзден жасалған термин мәнді күрделі анықтауыштар дефис арқылы жазылады: *оқу-ағарту жұмысы, әкімшілік-басқару жұмыстары, халық-азаттық қозғалысы, салыстырмалы-тарихи әдіс, ғылыми-көпшілік әдебиет, үгіт-насихат жұмысы, орысша-қазақша сөздік, есеп беру-сайлау жиналысы*.

§ 72. Екі сөзден тұратын ғылыми дәреже, атақтардың және қызмет дәрежесін немесе мамандықты көрсететін атаулардың арасына дефис қойылады: *премьер-министр, вице-президент, тілші-фонетист, редактор-математик, инженер-байытушы, әнші-композитор*.

§ 73. Машиналар мен олардың бөліктерінің және өзге де техникалық жүйелердің күрделі атаулары дефис арқылы жазылады. Олардың басым көпшілігі орыс тілінен енген сөздер болып келді: *дизель-мотор, стоп-кран, вакуум-аппарат, телефон-автомат*.

В. фон Гумбольдтың «тіл – халықтың рухы» идеясын қолдап дамытушылардың бірі әлеуметтік психологизм бағытының өкілі Г.Штейнталь болатын. Г.Штейнталь тілді индивидумның әрекеті және халықтық психологияның көрінісі, ал халықтық психология – халық рухы жөніндегі ілім деп түсінді. Тілдің индивидуальділігі халық рухының бірлігі мен ерекшелігінде деп есептеді. Г.Штейнталь индивидтің тілі мен ойлауының пайда болуын, дамып қалыптасу жолын түсіндіргісі келді, ғалымның пайымдауынша, адам қоғамындағы тілдің пайда болуы мен дамуының заңдары бірегей [7; 127-135]. Психологизм бағытының енді бір өкілі – В.Вундт, индивидуальді психологизм идеяларын теріске шығара отырып, халықтық психология нысаны жалпы рухани даму нәтижесі болу керек деп есептейді. Бұл қатарға В.Вундт: тіл, миф, салт-дәстүр т.б. жатқызады. В. фон Гумбольдтан бастау алатын Г.Штейнтальдің «тіл – халық рухының бірден-бір көрінісі» дейтін пікірін қолдамайды, керісінше тілдің әлеуметтік табиғатын

ерекшелеп, «тілді адам қоғамының даму үдерісінде пайда болған ұжымдық рухани әрекеттің маңызды жемісі» ретінде айқындайды [8; 170-174].

Осыдан бастап, халық тілін зерттеудің, халықтың рухын, табиғатын, болмысын танып білудің «кілті – тіл» деген түсінік лингвистикада маңызды бола бастайды. Оны зерттейтін таза тіл ғылымы екені анықталды, тек лингвистика ғана тілді индивидуальді және қоғамдық аспектіде зерттей алады деп есептелді. Бұл антропоэлекті бағыт парадигмасының кеңеюіне негіз болды.

Тілдің мәдениетті таныту құралы екендігін көрсеткен идеялардың туындауы тілді тіл иесі этностың мәдениетімен байланыстыра зерттеу қажеттілігін айқындады. Осындай идеялардың туындауы тілді оның иесі халықтың мәдениетімен байланыстыра зерттеуге бағыттады, бұл – XX ғасырдың алғашқы жартысы. Лингвистика тарихында оның көрнекті өкілдері – Ф.Баос пен Э.Сепир саналады. М.М.Копыленко, Б.Л.Уорфтың этнография мен социологияның шегіндегі лингвистиканың ерекше саласын қалыптастыру жайындағы үндеуінің жерде қалмағанын, американдық ғалымдар тарапынан қолдау тапқанын айтады [9; 15]. Аталған теория бойынша, әр тілде сөйлейтін адамдардың әлемді көріп тануы да әртүрлі, сол себепті әр тілге тән өзіндік ойлау логикасы бар. Сөз – адамның ішкі әлемі мен сыртқы құбылыстар арасындағы белгі, сонымен қатар ерекше мазмұн [10; 81].

Жалпы мәдениет, ұлттық мәдениет – көптеген ғылымдардың нысаны болып табылады, осыған орай, Н.Ф. Алефриенко лингвомәдениеттануды пән ретінде мәдениеттанымдық және лингвистикалық тұрғыда түсінуге болады деп есептейді. Мұның алғашқысында лингвомәдениеттану – мәдениеттанудың саласы, сондықтан этнография, мәдени антропология, мәдениет философиясы мәдениеттану тарихы тәрізді салалармен тығыз байланыста қарастырылады. Бұлардың әрқайсысы мәдениетті өз нысандарының мақсатына қарай зерделейді. Бұл бағыттың тұжырымынша, лингвомәдениеттану зерттейтін лингвомәдени құзіреттілік тіл феномені емес, мәдениет феномені, сондықтан да лингвомәдениеттану – мәдениеттану саласы. Мәдениетті лингвистикалық тұрғыда түсінушілер: В. фон Гумбольдт, В.Вундт, Г.Шухардт, А.А. Потебня т.б. ғалымдардың лингвистикалық доктриналарының пайда болуымен ұштастырады. Бірінші бағыт өз зерттеулерінде мәдениеттанымдық әдістерді қолданса, екіншісі лингвистикалық әдістерді қолданады [14; 36].

Лингвомәдениеттану назарын тілдегі адам мен қоғамның рухани күйіне аударады. Аталған ғылым салаларының деректерін ғылыми жағынан зерттеп, саралап, лингвомәдениеттанудың даму заңдылықтарын көрсетіп отырады, сонымен қатар, оларға теориялық және эмпирикалық бағыт, жол сілтеуші болып табылады. Тіл – этнос -мәдениет арақатынасының тереңдігі мен жан-жақтылығы оны зерттеудің де жаңа бағыттары мен жолдарын қарастыруды қажет етеді. Бұл мәселеге қатысты В.В. Воробьев «тіл мен мәдениетті» зерттейтін әртүрлі бағыттардан Е.М. Верещагин мен В.Г. Костомаров негізін салған лингвоелтаным бағытын атап көрсетеді [12; 43]. Аталған ғалымдардың тұжырымдарына қарағанда, өзге тілді үйренуші алдымен тілдік қатынастың жаңа біреуін меңгеруге ұмтылады. Тілді меңгерумен қатар, сол тілде сақталған жаңа ұлттық мәдениет әлеміне еніп, мол рухани байлықтан нәр алады [15; 4]. «Тіл – ұлт – мәдениет» үштігі лингвомәдениеттану саласының өзегі болып табылады да, тіл мен мәдениеттің өзара әсерін тілдің өмір сүру жағдайында зерттейді, сондықтан аталған салалармен қатар лингводидактика, этнопсихология, т.б. салаларымен де сабақтасып жатады.

Сөйтіп, ғылым арнасына «жаңғырып» келген антропоэлекті бағыт бірінші орынға тілдік қоғам (қауымдастық) мен тілдік тұлғаны шығарады. Тілді этностың әлеуметтік қоғамдық танымының жемісі деп түсіндіреді. Антропоцентризм – тілді адамның саналы әрекетінің құралы, таным нәтижесін қалыптастырушы құрал ретінде қарастырады, адамның қоғамдық қызметінің, өмір сүру ортасының барлық саласымен байланыста,

тұтас жан-жақты зерттейді, сондықтан бұл бағыт салалары антропоцентристік парадигма атауына ие болып отыр. Тіл біліміндегі заманауи бағыт бойынша зерттеулерінде Қ.Ө. Есенова: «Қазіргі тіл ғылымына әртүрлі бағыттардың тоғысуы, ұштасуы тән. Осымен байланысты XX ғасырдың соңында ғылымдағы қалыптасқан үрдісті өзгертіп, күн тәртібіне жаңа мәселелерді қою және оларды шешуге қатысты амал-тәсілдер жиынтығын айқындау қажеттілігі туындайды. Осы үрдіс парадигма ұғымымен сәйкеседі», - деп есептейді [11; 7].

Тіл мен таным нәтижесінде пайда болатын заттық және рухани мәдениет деректері күрделі құбылыс, өйткені олар – этностың ақыл-ойы мен дүниетанымының жемісі, «этнос болмысының» бейнесі, сондықтан оны зерттейтін ғылым салаларының өзіндік зерттеу нысаны бар, жекелей алғанда да, синкретті де, ал «этнос болмысын» оның «тіл айнасында» зерделегенде, бірімен-бірі тығыз байланысты кешенді құрылым болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – Б. 304.
2. Кішібеков Д., Сыдықов Ұ. Философия. – Алматы: Қарасай, 2008. – Б. 360.
3. Жұбаева О. Қазақ тілінің когнитивті грамматикасы. – Алматы: Қазығұрт, 2014. – Б. 392.
4. Қордабаев Т., Қалиев Ғ. Жалпы тіл білімі. – Алматы: Дәуір, 2004. – Б. 240.
5. Салқынбай А.Б. Тіл. Таным. Білім. – Алматы: Эверо, 2008. – Б. 140.
6. Абақан Е.М. Тілдің мәдени философиясы. – Алматы: Айкос. – Б. 184.
7. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: МТДИ, 2010. – Б. 608.
8. Салқынбай А.Б. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Эверо, 2008. – Б. 464.
9. Колшанский В.Г. Лингво-гносеологические основы языковой номинации// Языковая номинация. Общие вопросы. – М.: Наука, 1977. – С. 99-147.
10. Соломоник А. Философия языковых систем и язык. – М.: ЛКИ, 2011. – Б. 408.
11. Есенова Қ. Ә. Медиалингвистика: мерзімді баспасөз тілін зерттеудің прагматикалық аспектісі. – Алматы: Елтаным, 2015. – Б. 352.
12. Воробьев В. В. О понятии культурологии и ее компонентах// Язык и культура: вторая международная конференция. Доклады. – Киев, 1993. – С. 42-48.
13. Постовалова И.В. Картина мира в жизнедеятельности человека// Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира. – М.: Наука, 1988. – С. 8-70.
14. Алефриенко Н.Ф. Лингвокультурология: ценностно-смысловое пространство языка. – М.: Наука, 2016. – С. 288.
15. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. – Москва: Русский язык, 1976. – С. 248 с.

М.К. Бисенбаева

НОМИНАТИВНО-СЕМАСИОЛОГИЧЕСКАЯ ФУНКЦИЯ ЯЗЫКА, ЕЕ ЗНАЧИМОСТЬ

В статье обозначена номинативная функция языка и тесно с ней связанная семасиологическая функция слова, выражающая понятия. Сделан анализ семантики слов, структуры языка, приемов и средств словообразования. Посредством семасиологической функции языка изучается номинативная функция слова. Определена связь между национальной культурой, наименованием и понятием.

Ключевые слова: познание, культура, слово, бытие, понятие, название.

**LANGUAGE NOMINATIVE-SEMASIOLOGICAL FUNCTION,
ITS SIGNIFICANCE**

The article highlights language nominative function and closely related word semasiological function expressing concepts. The semantics words analysis, language structure, techniques and means of word formation have been made. Through the semasiological language function nominative word function has been studied. The relationship between national culture, denomination and concept has been defined.

Keywords: cognition, culture, word, entity, concept, denomination.

М.А.ЖЕТПИСБАЕВА¹, Л.С.АБЗАЛБЕК², Т.Д. АСЫЛБЕК³

*¹«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, Қарағанды қ., Қазақстан
zhetpisbayeva.m@orleu-edu.kz*

*²«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
arual87@mail.ru*

*³Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Қарағанды қ., Қазақстан
41keblyssa@gmail.com*

ПӘН МЕН ТІЛДІ КІРІКТІРЕ ОҚЫТУ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ТІЛДІК ҚОЛДАУ

Пән мен тілді кіріктіре оқытуда оқушы пән мұғалімінің тілдік қолдауын қажет етеді. Мақалада пән мен тілді кіріктіре оқытудың түйінді қағидаттары негізінде мұғалімнің педагогикалық іс-тәжірибесінің өзіндік талдауының алгоритмі ұсынылады. Оқыту тілін сыныппен әртүрлі деңгейде игеру жағдайында оқушы мен мұғалімнің белсенді өзара әрекеттесудің сөйлеу стратегиялары сипатталған.

Түйінді сөздер: көптілділікті білім беру, пән мен тілді кіріктіре оқыту, тілдік қолдау, сөйлеу стратегиясы.

Үштілді (көптілді) білім – әлемдік заманауи тенденцияларға толық сәйкес келетін ең келешекті стратегия. Еуропа одағындағы елдерде «Өмір бойы тілді үйрену» атты көлемді жоба жүзеге асырылады. Оның ең басты ерекшелігі – «білім берудің сапасы мен инклюзивтілігінің маңызды факторы» болып саналатын үштілді білім берудің тұжырымдамасында [1].

Л.С.Выготский көптілділіктің негізіне дамудың қоғамдық ахуалына сәйкес келетін, тілдерді оқытудың дұрыс құрастырылған жүйесі қалануы керек деп атап өткен. Мектептік және ЖОО жүйелері, мемлекеттің тіл саясаты ортақ мақсаттарды көздей отырып, бірігіп әрекет ете алады, сонда оның нәтижесі де максималды сәтті болмақ [2, 49].

Тілдердің дамуына жағдай жасау жөніндегі мемлекеттік саясатымыз қазақ (мемлекеттік) тілінің басымдылықпен дамуына бағытталған бүгінгі іс жүзіндегі тілдер иерархиясын түзетуге бағдарлануы тиіс. Мемлекеттік тіліміздің мәртебесін оны білу әр азаматтың өмірлік қажеттілігі болатындай және қазақстандық патриотизмнің құрамдас бөлігі болатындай дәрежеге көтеру керек.

Өндірістік-техникалық ортаға табысты бейімделудің кепілі ретінде орыс тілін жетік білу және зияткерлік дамудың әлемдік инновациялық ортасына ойдағыдай бейімделу үшін ағылшын тілін меңгеру аса маңызды.

Мақалада пәннің оқыту тілін белгілеу мақсатында «бірінші тіл», «екінші тіл», «үшінші тіл» түсініктері қолданылған. Халықаралық практикада тілді әлеуметтік және мемлекеттік құндылық ретінде айқындайтын жалпы жұртқа танымал «ана тілі», «ана тілі емес», «шет тілі», «мақсатты тіл» (ана тілінен кейін меңгерілетін тіл) сияқты түсініктер бар екенін айта кеткеніміз жөн. Осы қисынға сәйкес «қазақ тілін ана тілі ретінде», «қазақ тілін ана тілі ретінде емес», «орыс тілі ана тілі ретінде», «орыс тілі ана тілі ретінде емес» сияқты түсініктерді пайдалануға болады. Ғалымдар мұндай терминдік тәсіл «ана тілі» және «мектептің оқыту тілі» сияқты түсініктердің араласып кетуінен құтқаратынын айтады, себебі көпұлтты Қазақстан мектептерінде әр алуан

ұлт пен этнос балалары білім алуда, олар үшін оқу тілі ана тілімен сәйкес келе бермейді» [3].

Қазақстандық білім берудің шынайы практикасында «бірінші тіл», «екінші тіл», «үшінші тіл» тезаурусы жиі қолданылады, бұл үштілді білім беру мазмұнын анықтайтын жаңартылған бағдарламалық құжаттарда да өз көрінісін тапты. Соған сәйкес әдістемелік мақалада «бірінші тіл», «екінші тіл», «үшінші тіл» түсініктері қолданылады.

Заманауи оқу-әдістемелік және ғылыми-педагогикалық базаны дамыту қажеттілігімен қатар пәнді екінші/үшінші тілде сапалы оқытуға қабілетті педагогикалық мамандарға деген сұранысты қамтамасыз ету үштілді білім беруді жүзеге асырудың маңызды міндеті болып саналады.

Пәнді екінші/үшінші тілде оқытудың нәтижелігіне қол жеткізу үшін сабақта оқу үдерісін ерекше ұйымдастыру керек, сабақты жоспарлауға және мақсаттарын анықтауға, оқу барысында пәннің мазмұны мен тілді меңгеру үдерісін қатар қоладануға, бағалауға мүмкіндік беретін оқу материалдарын іріктеу тәсілдеріне өзгеріспен келу керек.

Тілдік емес пәндерді екінші (үшінші) тілде оқытудың едәуір кең тараған және тиімді әдістемесі – тіл мен пәнді кіріктіре оқыту (Content and Language Integrated Learning, әрі қарай – CLIL).

CLIL енгізу пән мен тілді кіріктіре оқытудың жалпы дидактикалық және жекелеген қағидаларына сай жүзеге асырылу керек. П.Мехисто пән мен тілді кіріктіре оқыту әдістемесінің түйінді қағидаларын анықтады:

1) оқыту тілін оқушылардың меңгеру деңгейі туралы (екінші/үшінші тілде оқыту кезіндегі оқушының жеке қажеттіліктері мен тілдік құзыреттер деңгейі) түсінік қалыптастыру;

2) пән бойынша білім деңгейін анықтау (жаңа білім мен тәжірибені қалыптастыру үшін бұрынғы алған білімі мен алдыңғы тәжірибесін пайдалану);

3) оқушылардың оқуға деген қарым-қатынасы, пәнге қызығушылығы мен оны меңгеруге деген уәждің болуы (мұғалім мен оқушының ынтымақтастық әрекеті және қауіпсіз, ынталандырушы оқыту ортасын құру);

4) мұғалімнің пікірі бойынша бұл қиындықтарды еңсеру үшін қолданатын амал-тәсілдері (көпқырлы оқыту кезіндегі белсенді оқу қағидалары мен қолдаушы ортаны құру);

5) қолданылатын оқу материалдарын талдау (ұқсастықтары бойынша пән мен тілді кіріктіру қағидасы);

6) оқу мақсаты ретінде оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту мен қолдау (тілдік скаффолд), бастапқы деңгеймен салыстырмалы түрде күрделілік деңгейін бір қадамға арттыру қағидасы бойынша сараланған тілдік амал-тәсілдер [4].

Бұл ережелердің бір бөлігі кез келген тілде (ана тілі мен екінші/үшінші тілде де) пәнді оқытудың бастапқы алғышарттары, қағидаларына жатады, сондай-ақ жалпы дидактикалық сипатта болып келеді (мысалы, *белсенділік қағидасы*, *көрнекілік қағидасы*) және *бүгінгі таңдағы әдіскерлер мұны кез келген оқу сабақтары құрылымының міндетті компоненттері екендігін мойындайды (мақсат қою, қорытындылау және рефлексия)*. Бұлардың бір бөлігін пән мен тілді кіріктіре оқытудың жекелеген қағидалары деуге болады (*ұқсас материалдарды қолдану, оқушыларды тілдік қолдау*). Ұқсас материалдар талабы шет тілдерін оқыту әдістемесінде кеңінен танымал, алайда қолданысы жаңынан тілді меңгеру деңгейлерінде шектелген.

Көрсетілген қағидалардың негізінде мұғалім өзінің педагогикалық тәжірибесіне О. Бурдакова, Н. Гордеева, Н. Рауд әзірлеген «Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар» арқылы өзіндік талдау жасай алады:

1) Сыныпты тілді оқытуды меңгерту деңгейі тұрғысынан сипаттаңыз.

2) Сіз сыныптағы күнделікті жұмысыңызда қандай қиындықтарға (тілді меңгеру деңгейі, төменгі уәждеме және т.б.) тап болдыңыз?

3) Осы қиындықтарды қалай жеңесіз?

4) Сыныптағы жұмысқа арналған оқу және көрнекі материалдарды таңдағанда және / жасағанда Сіз қандай қағиданы ұстанасыз?

7) Оқушыға сөйлеуді қолдау көмегін көрсетуде сіз алдыңызға мақсат қояр ма едіңіз? [5].

Сабақты жоспарлау кезінде пән мұғалімдері «барлық мұғалімдер тілді оқытушы мұғалімдер болып табылады» деген жаһандық пікірді басшылыққа алғандары жөн [6]. Соған қарамастан пәнді екінші/үшінші тілде оқытатын мұғалімінің рөлі өте күрделі: бір жағынан алып қарасақ, ол тіл мұғалімі болып саналмайды, сәйкесінше тілді үйретуге міндетті емес. Екінші жағынан алып қарасақ, тілді қолданудағы оқушылардың қиындықтарын түсінуіміз қажет; пән мазмұнын түсінуді қамтамасыз ету мен бағалау және тілді дамытуды қолдау. Нәтижесінде пән мұғалімі тілді тасымалдаушы мен сол тілді оқытушы болып шығады. Өз кезегінде екінші/үшінші тілде оқытуда оқушылар бір уақытта пән мен пән мазмұнын зерттеу немесе оқу пәнінің аясында қарым-қатынас жасау үшін қажетті тілді меңгереді, яғни оқушылар тілді сабақта – әлеуметтік және академиялық іс-әрекет барысында меңгереді.

Сарапшылар қостілділіктің балалардың білімі мен лингвистикалық құзыреттерінің дамуына ықпалы туралы жасаған соңғы 35 жылдағы 150 ғылыми зерттеу нәтижесінде алынған маңызды фактілерге назар аударады [19]. Бұл зерттеулерді неміс философы Иоганн Вольфганг фон Гетенің «бір тілді білген адам, шын мәнісінде ештеңені білмейді» деген даналық сөзі қолдай түседі. Екі түрлі тілдің көмегімен ақпаратты өңдеу арқылы бинлингвал балалар жоғары деңгейде ойлауға қабілетті болып келеді.

Балалардың бірінші тілінің даму деңгейі екінші/үшінші тілді дамыту үшін баспалдақ болып табылады деген тұжырым бар. Бір тілдегі білім мен дағды басқа тілді дамытудың негізі ретінде қызмет атқарады. Балалардың ойлау мен тұжырымдамалық қабылдау дағдыларын дамыту тұрғысынан бірінші және екінші/үшінші тілдер екі жақты өзара байланысқа ие: бірінші тілдегі тілдік және оқу дағдылары екінші/үшінші тілге немесе керсінше ауысады. Басқаша айтқанда, білім беру ортасы балаларға екі тілде де толыққанды қолжетімділікті қамтамасыз еткен болса, олар біртұтас тілдік құзыреттерді қалыптастыра отырып, бірін бірі толықтырып отырады.

Дж. Камминс тілдің семантикалық және функционалдық құралдары, талдау және жинақтай білу түрлі тілдерді меңгеру үшін ортақ болып саналады және оқу мен жазуда қолданылады. Бірінші тілде үйрену барысында меңгерген адамның білім мен дағдылары осы ортақ тілдік құзыреттер арқылы екінші/үшінші тілге оңай ауыса алады [7]. Осының негізінде Камминс төмендегідей қорытындыға келеді:

- тілдік дағдылардың барлығы бір орталық жүйеден шығады, ол қолданылатын тілге байланысты емес;

- екі немесе бірнеше тілдердегі тілдік әрекеттер (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) когнитивті жүйенің дамуына көмектеседі;

- ақпаратты өңдеу мен білім жетістіктері екі немесе одан көп тілдер арқылы дами түсуі мүмкін. Тілдер ақпаратты өңдейтін орталық жүйені қоректендіруші каналдар ретінде қызмет етеді;

- егер оқытуда екінші/үшінші тіл қолданылатын болса, сол тілде жаңа білімді меңгеру үшін аталмыш тіл жақсы дамыған болуы керек.

Сабақты жоспарлау барысында тілді меңгеру деңгейлерін ескеру қажет: оқыту барысында қол жеткізілетін тіл жүйесін тереңдей түсінуден бастап, екінші тілде жылдам сөйлеу қабілеті. Күнделікті коммуникативтік дағдыларды (мысалы,

сатушымен тілдесе алу) мектепте оқыту үшін қажетті когнитивті және академиялық деңгейде тілді білу деңгейінен ажырата алу керек.

Тілді білу коммуникативтік және академиялық тілдік құзыреттілік деп екіге бөлінеді. Бірінші жағдайда тіл белгілі бір мәнмәтін аясында қолданылады (мысалы, тұрмыстық жағдайларда). Мұндайда вербалды емес қарым-қатынас элементтері мен тыңдаушының реакциясы тілді түсінуге көмектесе алады. Екінші жағдайда мәнмәтіннің рөлі ең соңғы шегіне дейін азаяды. Егер де оқу материалын меңгеру үшін жоғары деңгейдегі дағдылар қажет болса (мысалы, талдау, жинақтау, бағалау), тіл мәнмәтіннен алшақтап, материалды қабылдау қиынға соғады.

Пән мен тілді кіріктіре оқыту кезінде сабақты пән мазмұнын мен екінші тілді меңгерту туралы білім бар мұғалім өткізуі тиіс. Бұл басты коммуникативтік дағдылар мен академиялық, яғни «пәндік», тілдік дағдыларды дамытуға көмектесе алады (1-кесте).

Кесте 1. Коммуникативтік және академиялық тілдік дағдыларды қолдану

Басты коммуникативтік дағдылар	Академиялық тілдік дағдылар
Өртүрлі өмірлік жағдаяттарда күнделікті қарым-қатынас үшін қолданылады	Жоғары ойлау үдерісі үшін өртүрлі пәндік салаларда қолданылады
Өртүрлі коммуникативтік жағдаяттарда бұл дағдыларды дамыту үшін екінші тілді қолдану қажет	Бұл дағдыларды дамытуда пән мазмұнын талқылау мен тілдік әрекеттің барлық компоненттерін дамыту үшін екінші тілді қолдану қажет
Күнделікті қарым-қатынас үшін маңызды. Егер олар дамымаған болса, оқушы коммуникативтік жағдаятта мәнмәтінге сай әрекет ете алмайды, үйреніп жүрген тілде сөйлеу кезінде өзін қолайсыз сезінетін болады	Оқу әрекетінде табысқа жету, жоғары оқу орындарында әр қарай білім алу, сондай-ақ сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту үшін маңызды

Академиялық тіл пән мазмұнын меңгеру мен пәндік түсініктермен жұмыс жасау, ойлау қабілетін жақсартуға арналған басты құрал болып табылады. Тілдік мақсаттар – академиялық тілді меңгерудің маңызды құралы. Оқушылардың өздерінен қандай нәтиже күтілетінін түсінуі тілдік мақсаттардың анық құрылуына байланысты. Сондай-ақ, тілдік мақсаттар мұғалімдер мен оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырып, қолдауына көмектеседі.

Пән мұғалімдеріне оқушылардың академиялық тілді меңгеруіне қолдау көрсету үшін төмендегілер ұсынылады:

- оқушылардың назарын академиялық тілге аудару (мысалы, пән бойынша оқу мақсаттарына жету үшін қажетті терминология немесе тұрақты тіркестері бар лексиканы қолдану);

- сабақ барысында пән мазмұнының ұғымдарымен жұмыс істеуге қажетті жұмыс тілін ұсыну (мысалы, топтық жұмыс жүргізуге, сұрақты дұрыс қоюға, жағдайды талдап, пікірталас жүргізуге қажетті сөздер мен сөз тіркестері);

- түрлі мақсаттарға қол жеткізу үшін оқушылардың тілдік дағдылардың барлық төрт түрін түрлі комбинацияда (мысалы, тыңдалым-айтылым, оқылым-жазылым, оқылым-айтылым, тыңдалым-жазылым және т.б.) қолдануы;

- оқушыларды пікірталас, диалогтерге қатыстыру (мысалы, оқушыларды толық жауап беруге ынталандыру, білу деңгейіндегі сұрақтармен шектелмеу, пікірталас тиімді болуы үшін оқушыларды өз білімін қолдануға түрткі болу, сондай-ақ оқушылар диалогке қатыса алуы үшін қажетті лексикалық қормен қамтамасыз ету);

– тіл үйренуге тән оқу дағдыларын дамыту (мәселен, таңдап алынған материалдарды тыңдау, түсіндіру, басқаша тұжырымдау, сөздікпен жұмыс істеу дағдылары);

– тіл туралы сыни ойларын дамыту (мысалы, тілдерді салыстыру, оқушыларды тілді барынша нақты пайдалануға ынталандыру, тілді үйренудегі жетістікті бағалау);

– сабақ басында тілдік мақсатты белгілеу және сабақтың соңында осы мақсат бойынша қол жеткізілген жетістіктерді талқылау.

Тілдік мақсаттар академиялық тілдің құрамдас бөліктерін қамтиды. Бұл сөздерді қолдану мен есте сақтау үшін оқушылардың назарын аударған маңызды. Олардың арасында пәнге қатысты лексика мен терминология, диалог пен жазу үшін пайдалы тірестер кездеседі. Егер тіл оқушылар үшін түсінікті, анық болса, бұл олардың пәндік және тілдік мақсаттарға қол жеткізуіне көмектеседі.

Тілдік мақсаттардың бірқатарын пән мазмұнына сай оқу мақсаты ретінде қарастыруға болғанымен, мазмұн мен тілдің бөлінуі оқушылардың мазмұнға да, тілге де баса назар аударуына көмектеседі. Сонымен қатар, бұл жауап/шешімге назар аударумен қатар, сол жауап/шешімді іздеу үшін қолданылатын үдерістерге назар аударылуын теңдестіруге көмектесе алады. Атап айтқанда, осы үдерістерге баса назар аудара отырып, тілдің барынша нақты қолданылуын және ойлау әрекетін жақсартуға болады. Тілдік емес пәндер сабақтарында көптеген оқу масаттары мазмұнға бағытталған болып келеді. Бірақ мақсаттардың бірі тілді дамытуға бағытталуы керек.

Пәнді екінші/үшінші тілде оқытудың бастапқы кезеңінде мұғалім вербалды емес қарым-қатынастың (ым-ишара, мимика) амал-тәсілдерін, визуалды түрде көрсету, оқытудың интербелсенді әдістері мен әлеуметтік өзара әрекеттестікті, тәжірибе арқылы практикалық оқытуды кеңінен қолдануы керек. Сөйлеудің түрлендірілген регистрін қолдануға болады: ақырын сөйлеу, мәнмәтінге сүйену, қарапайымдандырылған грамматикалық формаларды қолдану.

Тілдік қолдаудың өзі кейде тар ауқымда түсіндіріледі және көп жағдайда сөздер мен айтылған ойды «мағыналандыруға», тілдік кодтың «қайта қосылуы» немесе саналы түрде «қосылмауына» байланысты айтылады. Мұндай жағдайда мұғалім тілдің синтаксистік құрылымын мақсатты түрде оқытуға апара алмайды және оқушының кездейсоқ сөйлеуіне жаңа грамматикалық құрылымдарды енгізуді қамтамасыз етпейді. Бұл міндетті екінші/үшінші тіл мұғалімінің көмегінсіз пән мұғалімі еңсере алмайтындығы сөзсіз.

Екінші/үшінші тілде білім алатын оқушыларды тілдік қолдаудың көптеген түрлі амал-тәсілдері белгілі:

– бірінші тілге ішінара сүйену
– бірінші тілге тікелей аударма жасау арқылы жаңа сөздер мен сөз тіркестерін түсіндіру

– көрнекілікке сүйену (ым-ишара тілі)
– тілдік және мәнмәтіндік синонимдерді іріктеу, түрлендіріп айту
– лексикалық қайталауларды қолдану, «жаңғырық» (оқушының жауабын оыту тілінде қайталау)

– оқушыларға бейімделіп арналған оқу материалдары мен құралдарды және құрастыру с.с.

Олардың бірі оқыту әдісіне қарамастан оқу үдерісінде қолданыла алады (мұғалімнің монологі барысында, сондай-ақ индуктивті әңгіме және топтық жұмыстарда және т.б.); оларды педагогтің қолдану көлемі мен жиілігі дұрысында студенттердің тілді білу деңгейіне, материалдың күрделілігі мен сыныптың дайындығына байланысты болуы керек. Басқалары мұғалім мен оқушының өзара белсенді әрекетінің барысында қолданылуы мүмкін (мысалы, «жаңғырық»).

Синонимдер мен ауыспалы мағынадағы сөздерді іріктеу арқылы сөздерді мағыналандыру – оқушының сөздік қорын кеңейтіп қана қоймай, оның жадында таныс сөздерді қайтадан жаңғыртуда, жаңа және таныс бірліктердің арасында парадигмалық байланыс орнатуда өте тиімді тәсіл.

Мұғалім мен оқушының белсенді тілдесім әрекеті индуктивті әңгіме кезінде, сонымен қатар оқушылардың жұптық және/немесе топтық жұмыстарының нәтижесін қорытындылау барысында орын алады. Мұғалім мен оқушы осындай тілдесім әрекеті кезінде орындарымен алма-кезек ауысып, бірде айтушы, бірде тыңдаушының рөлдерінде сөйлеседі. Екінші/үшінші тілді түрлі деңгейде білетін сыныптың шынайы жағдайындағы өзара әрекеттестікте тілдік стратегияларды таңдау аясы сан алуан болып келеді.

Белсенді өзара әрекеттестік жағдаятында қолданылатын түрткі сөздер

1-стратегия. Педагог түрткі репликаларда қосарлы оқыту тілін пайдаланады; алдымен бір түрткі сұрақты бірнеше рет қайталап тілді білу деңгейі жоғары оқушыларға қояды, сонан соң оқыту тілін толыққанды меңгермеген оқушыларға бағыттайды.

2-стратегия. Педагог түрткі репликаларда оқыту тілін ғана пайдаланады. Уақыт өте келе мұғалім іріктей отырып, табысты оқушыларға жекелеген сөздерді бірінші тілге аударуды ұсынады, ал пән бойынша үлгерімі төмендеу оқушыларға сөз тіркестерін аударуды тапсырады.

3-стратегия. Мұғалім сыныпта оқыту тілін басым қолданады. Тілді оқытудан соң сабақтың түйінді сұрақтарын (қорытынды) бірінші тілде қайталайды.

Белсенді өзара әрекеттестік жағдаятындағы сөзге реакция

1-стратегия. Мұғалім тек екінші/үшінші тілді қолданады. Оқушылар мұғалімнің қойған сұрағына жауап беріп, тапсырмаларды орындай отырып, бірінші тілді қолдана алады; бірінші тілде жауап беру әңгіменің логикасына нұқсан келтірмейді. Мұндай жағдайда әңгіме тілдік кодтардың үнемі «қайта қосылуымен» сүйемелденіп отырады.

2-стратегия. Мұғалім сыныпта тек екінші/үшінші тілді қолданады және оқушының бірінші тілді қолдануына кедергі келтірмейді. Алайда оқушының бірінші немесе «аралас» тілде берген жауабын міндетті түрде екінші/үшінші тілге аударайды. Мұғалімнің мұндай тілдесім үлгісі сыныпта ешқандай қолайсыздық тудырмайды және оқытудағы субъект-серіктестердің жанжалына әкеліп соқпайды.

3-стратегия. Егер оқушы бірінші тілде сұрақ қоятын болса, мұғалім бірінші тілде жауап береді, сонан соң жауапты екінші/үшінші тілде қайталайды.

Көптеген мұғалімдер оқыту тәжірибесінде (филолог мұғалімдерді есепке алмағанда) оқушының сөйлеуінде жіберген қателерді түзетпейді, не болмаса мүлде назарға алмайды (оның ішінде сөздің мағынасын түсінуге кедергі келіретін коммуникативтік тұрғыдан маңызды қателіктер).

Көптеген оқушылардың екінші/үшінші тілді пассивті меңгеруі кезінде олар әңгімеге оңай араласа алмайды және /немесе әңгіме барысында бірінші тілде сөйлескенді қалайды. Әсіресе, аралас топтарда оқыту жағдаяты анағұрлым күрделі болып келеді: оқушылардың деңгейлері әр түрлі, тіпті олардың арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Бұл пәнді оқытудың әр түрлі дайындық деңгейлеріне алып келеді. Оқушының бойында білім алудың жалпы дағдылары мен біліктері болмауы немесе дамымауы сыныпта табысты жұмыс жасауға кедергі келтіреді.

Екінші/үшінші тілде диалогке оқушыны тартудағы қиындықтарды жеңу үшін, олардың тек екінші тілді қолдануы қажет екендігі кеңес етіледі (мұғалім оқушымен диалогке түскенде бірінші тілге кетіп қалмауын қатаң ұстанады, сөйтіп оларды екінші тілде жұмыс жасауларына ынталандырады).

Зерттеушілер Тарту университетінің Нарв колледжінде жүргізілген оқу пәндерін екінші тілде оқыту тәжірибесін талдау негізінде келесі стратегияларды ұсынады: оқытушылар тілді немесе пәнді түсінуде туындаған күрделі жағдаяттар кезінде тілдік

қолдау мен тәртіп ережелері туралы оқушылармен өзара келіседі. Мысалы, студенттер оқытушының көмекшілері ретінде өз курстастарына қолдау көрсетеді немесе оқытушы сөйлеу барысында жіберген қателіктерді түзетпей, керсінше студенттердің өздеріне қателерді тауып, топта түсіндірулеріне мүмкіндік береді және с.с. [5].

Осылайша мұғалім өзінің әрекетін оқушылардың пән мазмұны мен пәнді оқыту тілін қабылдауға дайындығы туралы алдын-ала жасалған талдау негізінде құруы тиіс. Сыныптың екінші/үшінші тілде меңгеру мен пәндік дайындық деңгейлеріне байланысты аудиторияның жеке қажеттіліктері ескеріле отырып, оқытудың белсенді және интербелсенді әдістері таңдалып алынады. Оқыту кезінде оқушылармен ынтымақтастық қарым-қатынас пен өзара әрекеттестіктің маңызы зор екендігіне баса назар аударған жөн.

Пән мен тілді кіріктіре оқытудағы түйінді тәсілдердің бірі мәтінмен жұмыс болып табылады. Оқу материалын іріктеу кезінде оқушылардың жас ерекшелігі мен тілдік дайындықтарына жауап бере алатын стилі жағынан әртүрлі ұқсас мәтіндерді қолданған дұрыс. Ұқсас мәтіндер дегеніміз – оқу мақсатына арнайы бейімделмеген, тілді тасымалдаушылар құрған ауызша және жазбаша мәтіндер.

Мәтіндер бірнеше шағын бөліктерге бөлініп, иллюстрация, сызба, карта және т.б. сүйемденіп отырғанда жақсы қабылданады. Пән мен тілді кіріктіре оқыту сабақтарында мүмкіндігінше барлық тілдік әрекеттердің: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымның болғаны жөн. Бұдан басқа мұғалім тілдік ірліктерді қолданудың дұрыстығына мән беруі керек.

Мәтіндер *мәтіналды (prereading)* және *мәтіннен кейінгі (afterreading)* тарсырмалардан тұруы керек. Бұл тапсырмалар *тілдік, сөйлеу дағдыларын* ғана емес, сонымен қатар *танымдық дағдыларды* да қалыптастыруы тиіс. *Танымдық дағдыларды (ажырату, сәйкестендіру, түсіну)* қарапайым ойлау операцияларынан бастап, ойлаудың күрделі деңгейіне (*талдау, жинақтау, бағалау*) қарай біртіндеп ұлғайта отырып, қалыптастыру қажеттігін естен шығармау керек. Осылайша сабақ барысында оқушы оқыған материалды есте сақтау мен әңгімелеуден бастап, проблеманы шешу жолын іздеуге дейін барады (оқушының жас ерекшелігіне байланысты). Оқыту мәнмәтіні сабақ мазмұны арқылы тәрбелеуге бағытталаған құндылықтарды қалыптастыруы қажет.

Мәтін алдындағы және мәтіннен кейінгі жұмыс кезеңдерінде ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамыту үшін өздік және шығармашылық тапсырмалар (сипаттау, салыстыру, сұрақ қою, өз көзқарасын айту, таныстырылым жасай және т.б.) қолданылады.

Диаграммалар мен кестелері бар мәтіндер танып білу кезеңімен мінсіз үйлеседі. Кестеге мәтіннен материалды енгізу оқушыға екінші кезектегіден бастыны бөлуге және ақпаратты жүйелеуге көмектеседі [8].

Сабақтарда аудио мен бейне материалдарды қолдануға ұсынылады. Мұғалім сабақты келесідей жоспарлай алады, материалдың бір бөлігі аудиомәтін ретінде беріледі, сондай-ақ оқытудың іздеу әдістерін қоданумен диалог пен әңгімелесу арқылы материалды түсінуге мүмкіндік туады. Тыңдалым сонымен қатар жазбаша тапсырмалармен алмастырылады (кестелерді толтыру, схемаларды құрастыру, қалдырылған сөздерді орнына қою) [9].

Оқу материалдары нақты пәнді оқу мен қатар тілді оқу үшін де арналу керек – лексикалық және грамматикалық бірліктер мен құрылымдарды игеру, тілдік іс-әрекеттің барлық түрлерін дамыту. Мұғалімге сабақтың пәндік мазмұнын мұқият ойластырып, оқу бағдарламасымен сәйкестіріп материалды ұқыпты таңдау керек. Ұсынылған материал оқытылып жатқанды терең түсінуге ықпал ететіндей немесе толықтыратындай болу үшін материалды таңдау кезінде әртүрлі ресурстарға жүгіну керек.

Екінші/үшінші тілде материал мазмұнын игеру кезінде оқушыларды қолдау үшін келесі тәсілдерді қолдануға ұсынылады:

- бірінші тілде оқушылар мағынасын түсінетін жиі қолданылатын және кездесетін сөздер мен сөйлемдерді қолдану;
- қажеттілік туындағанда оқушыларға түсініксіз сөйлемдер мен фразаларды қайталау;
- негізгі сөздермен жұмыс жүргізу;
- екінші тілде пәнді оқудың бастапқы кезеңінде оқушылар бірінші тілді қолдана алады, алайда мұғалімге тек қана екінші тілде жауап беру керек;
- екінші тілді сабақта қолданғаны үшін оқушыны антандандыру;
- шынайы өмірде жиі қолданылатын сөздер мен сөйлемдерді қайталау (бірінші тілде игерілген сәлемдесу, ауа-райы/күнтізбе, цифрлар, түсініктер мен терминдер);
- оқушылардың уәждерін арттыру үшін іс-әрекеттің әртүрлі түрлерін қолдану.

Сонымен, пән мен тілді кіріктіре оқыту барысында оқушыға тілдік қолдау көрсетуде білім беру ұйымдары жиі кездесетін не болмаса алда кездестіретін қиындықтар қатарына мыналарды жатқызуға болады:

1. Пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдістемесін толық меңгермеу.
2. Мұғалімдер пәндердің академиялық тілін меңгеру үшін сөйлеу дағдыларының маңыздылығын толық түсінбейді, сөйлеу дағдыларын дамыту үшін тілдік мақсаттарды пайдалану дағдыларын жеткілікті шамада меңгермейді.
3. Үштілді білім беру жүйесінде жұмыс жасау үшін мұғалімдерді даярлауға арналған ғылыми, оқу-әдістемелік, ақпараттық және басқа да ресурстардың жетіспеушілігі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Нурпеисова С.К., Азимбаева Ж.А. Внедрение полиязычного образования: опыт, проблемы и перспективы [ЭР]. Қол жетімді режимі <https://articlekz.com/article/11917>
2. Выготский Л.С. К вопросу о многоязычии в детском возрасте // Собрание сочинений: В 6 т. Т.3. Проблемы развития психики / Под ред. А.М.Матюшкина. – М.: Педагогика, 1983. – 368 с.
3. Жетписбаева Б.А. Полиязычное образование: теория и методология: Монография. – Алматы: Білім, 2009. – 343 с.
4. Mehisto P., M.J. Frigols, Marsh D. Content and Language Integrated Learning in Bilingual and Multilingual Education. – Oxford: Macmillian Books for Teachers. – 208. – 240 p.
5. Бурдакова О., Джалалова А., Рауд А. Методика интегрированного обучения предмету и языку в учебном процессе Нарвского колледжа [ЭР]. Қол жетімді режимі <http://www.narva.ut.ee>
6. Методические рекомендации учителям по использованию метода предметно-интегрированного обучения (CLIL) / Сост. Нуракаева Л.Т., Шегенова З.К. – Астана, 2013. – 52 с.
7. Cummins J. Language, power and pedagogy. Bilingual children in the crossfire. – Clevedon, England: Multilingual Matters. – 311 p.
8. Интегрированный подход в обучении английскому языку в условиях полиязычия: Метод. пособие / сост. А. Жаманкулова. – Усть-Каменогорск, 2014. – 53 с.
9. Полиязычие в практической деятельности организаций образования / Сост. Кагазбаева А.К., Куспаева Р.Б., Табынбаева А.К. – Ақтобе: ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Актыбинской области, 2013 – 126 с.

М.А. Жетписбаева, Л.С. Абзалбек, Т.Д. Асылбек

ЯЗЫКОВАЯ ПОДДЕРЖКА УЧАЩИХСЯ ПРИ ИНТЕГРИРОВАННОМ ОБУЧЕНИИ ПРЕДМЕТУ И ЯЗЫКУ

При интегрированном обучении предмету и языку ученик нуждается в языковой поддержке учителя-предметника. В статье представлен алгоритм самоанализа учителем своей педагогической практики на основе ключевых принципов интегрированного обучения предмету и языку. Описываются речевые стратегии активного взаимодействия учителя и ученика в условиях разноуровневого владения классом языком обучения.

Ключевые слова: полиязычное образование, интегрированное обучение предмету и языку, языковая поддержка, речевая стратегия.

M. Zhetpisbayeva, L. Abzalbek, T. Asilbek

STUDENTS LANGUAGE SUPPORT IN THE PROCESS OF CONTENT AND LANGUAGE INTEGRATED LEARNING

In the process of integrated content and language learning, the student need language support from the subject teacher. The article presents an algorithm for teacher self-analysis of his/her teaching practice based on the key principles of content and language integrated learning. Speech strategies of active interaction between the teacher and the student have been described in the conditions of multi-level language proficiency.

Keywords: multilingual education content and language integrated learning, language scaffolding, speech strategy.

З.К. РАЗБЕКОВА

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша педагогикалық
 қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты,
 Қарағанды қ., Қазақстан
razbekova.z@orleu-edu.kz

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕР БАҒЫТЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ

Мақалада мұғалімдердің ғылыми-жаратылыстану сауаттылығының кәсіби құзіреттілігін дамытуда заманауи білім беру ресурстарының маңыздылығы және сабақ дайындау мен сабақтың әр түрлі кезеңдерінде білім беру ресурстарын қолдану бойынша педагогтың іс-әрекетін құру қарастырылған. Химия және жаратылыстану сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып оқу үдерісін ұйымдастырудың жолдары көрсетілген.

Түйінді сөздер: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, сандық білім беру ресурстары, электрондық оқу, мультимедия, виртуалды экскурсия, интернет ресурстары, кең ауқымды дағдылар, құзыреттілік.

Ақпараттық технологиялардың (әрі қарай – АТ) жетістіктеріне байланысты білім беру саласына ақпараттық-технологиялық дағдылардың кең спектрі ендірілуде, осыған орай білім беру ортасының жағдайына өзгерістер болуда, сонымен қатар әлеуметтік мәселелерді шешуде білім берудің рөлі де артуда (1 Кесте).

1 Кесте. Қоршаған ортаның өзгеруі

Қоршаған ортаның өзгеруі	
Сандық орта	Сандық біріккен және кешенді ортаның тұрақты дамуы
	Ақпараттық-технологиялық қызмет ортасының өзгеруі
	Біріккен және кешенді білім беру нарығынның өсуі
АТ орта	Ақпараттық технологияларды қолданатын шығармашылық тұрғыдағы қоғам дамуының артуы
	Ақпараттық технологияларды үнемі пайдалану
	Ақпараттық қауымдастық пен ынтымақтастықтың білім алмасу есебінен жаңа білім алу
	Оқытудың әртүрлі мазмұны мен әдістердің болуы
Әлеуметтік орта	Әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты жаңа қоғамдық сұраныстың пайда болуы

Қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделе отырып, сапалы оқыту білім алуға мүмкіндік беретін, нақты жағдайларды жасаумен қатар, сол жағдайлардың өзімен тығыз байланыста болатын педагог дәлелдемеге негізделген қағидаттарды ұстанып, табысты оқыту және оқуды ұйымдастыра алады.

Сапалы оқыту және оқу:

- Дәлелдемеге негізделген қағидаттар;
- Оқушыға бүкіл өміріне жеткілікті білім береді;
- Білімді арттырады;
- Бұның алдындағы оқу мен тәжірибеге негізделеді;
- Оқушының белсенді араласуы;

- Оқуды бағалау және оқыту үшін бағалау;
- Мұғалім білім алуға қолдау көрсетеді;
- Әлеуметтік және жеке үдеріс;
- Бейресми оқудың маңыздылығы;
- Мұғалімнің кәсіби даярлығына байланысты;

21 ғасырдағы өзгерістерге сәйкес ақпараттық-коммуникациялық салада мұғалімнің құзыреттілігі жаңаша құрылады (2 Кесте).

2 Кесте. Мұғалім құзыреттілігі

Жаңа өндірістік қоғам	Сандық қоғам
Мектеп, білім беру, білім	Құзыреттілік
Оқулықтар	Тәжірибе
Мұғалім-оқытушы, ақпарат тасымалдаушы	Мұғалім-көмекші, дәнекер
Білім бойынша бағалау	Қабілеттері бойынша бағалау

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауы негізінде жасалған «Сандық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында орта, техникалық, кәсіби, жоғары білім беруде сандық сауаттылықты арттыру міндеті қойылған. Бағдарламаны іске асырудың адами капиталды дамыту бағыты бойынша сандық экономика халықта оның жемістерін пайдалануға мүмкіндік беретін сандық дағдылардың болуын талап етеді [1].

Осыған орай, бәсекеге қабілетті экономиканы дамытуды және халқының тұрмыс сапасын жақсартуды бағытқа алған мемлекеттердің барлығы ұстанатын сандық үрдісте болашақтың кадрлары төмендегі құзыреттілікке ие болады:

1. Дайын білімді алу біліктілігінен, проблемаларды шешу біліктілігі қажеттірек;
2. Қарым-қатынас (коммуникабельность);
3. Тәжірибелік дағдылар.

Сонымен қатар, педагогтар 21 ғасыр кадрларының дағдыларын игереді:

1. Креативтілік;
2. Сын тұрғыда ойлау;
3. Коммуникациялық дағдылар+ақпаратты иелену;
4. Командада жұмыс істей алу;
5. Азаматтылық.

ББ МЖМС негізгі міндеттерін іске асыру үшін тиімді педагогикалық технологияларды, озық әдіс-тәсілдерді, тұлғалық бағдарланған оқыту тәсілін қолдану және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу процесінде дәстүрлі әдістермен сәйкестендіре отырып белсенді қолдану ұсынылады. Құзыреттілігі жоғары педагог кадрлар ақпараттық-коммуникациялық салада ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдары арқылы білім алушылардың логикалық, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін және жеке, топтық және өздігінен жұмыс істеу біліктерін дамытады және олар жүргізілген түрлі оқу жұмыстары тәжірибеге бағытталған ойлауды дамытуға ықпал етеді.

«Химия» және «Жаратылыстану» пәндері бойынша оқу бағдарламалары білім құндылықтарының және нақты пәнді оқыту нәтижелерінің өзара байланысы мен өзара шарттылығына негізделген тәрбиелеу мен оқытудың біртұтастығы қағидатын іске асыруға мүмкіндік береді. Оқу бағдарламаларының ерекшелігі ретінде олардың тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағытталғанын атауға болады. Оқу мақсаттарының жүйесі білімді функционалдық және шығармашылық қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану,

қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке дара жұмыс істей алу, проблемаларды шешу және шешім қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларды дамытуға негіз болады [2]. Негіздердің бірі – ақпараттық технологиялар саласындағы тәжірибелік дағдыларына сүйенетін құзырет болып табылады. Мысалы, жаратылыстану мен химиядағы зерттеу тәсілдерімен байланысты ақпаратты өңдеу дағдыларын дамытуда ақпараттық технологияларды қолданудың маңызы зор.

«Жаратылыстану» пәні бағдарламасының мақсаты оқушыларды жаратылыстану ғылымы тұрғысынан табиғат пен қоғамның өзара байланысы, табиғаттағы заңдылықтардың біртұтастығы туралы білім, ұғым, түсінік қалыптастыру және білімдерін күнделікті өмірде кездесетін табиғат құбылыстары мен үдерістерін түсіндіру, сипаттау, болжау үшін қолдану білігін дамытуға бағытталған.

Осы мақсатқа жету көптеген міндеттердің бірін шешу арқылы қамтамасыз етіледі:


- білімдерін қоршаған әлемнің құбылыстарын түсіндіру үшін қолдану және бұқаралық ақпараттық құралдар, интернет ресурстары, арнайы және ғылыми-көпшілік әдебиеттерден алынған жаратылыстану ғылымы тұрғысынан және өмірлік маңызды мазмұны бар ақпаратты қабылдау біліктіліктеріне ие болу.

Оқу үдерісінің тиімділігі көп жағдайда сабақ барысында оқушылардың танымдық белсенділігін дамытатын және оқу үдерісін күшейтетін химия және жаратылыстануды табысты оқыту түрлері мен тәсілдеріне байланысты болады.

«Химия» және «Жаратылыстану» пәндерін оқыту тәжірибесінде келесі оқыту түрлері мен тәсілдер кеңінен қолданылады: әңгімелеу, кітаппен жұмыс істеу, бақылау, эксперимент, экрандық оқу құралын көру, тәжірибелік жұмыс. Сонымен қатар қазіргі кезде сабақтарда модельдеу әдістері, ойша модель құрастыру, химиялық модельдеу әдістері де кеңінен қолданылады.

Қазіргі заманғы оқыту жүйесі түрлі технологияларды (жабдықтар, бағдарламалық қамтамасыз ету, құрылғылар және интернетпен байланыс) және олар бір-бірімен алмасатын білімі мен практикалық тәжірибесі бар адамдарды қамтитын ақпараттық инфрақұрылым болып табылады.

Химияны оқытуда пәннің ерекшелігіне байланысты экрандық оқу материалдарын пайдалану үлкен маңызға ие. Экрандағы шынайы өндірістік үдерістер мен аппараттардың бейнесі, сондай-ақ анимация арқылы химиялық өзгерістерді көрсету мүмкіндігі химия сабақтарының тақырыбын ашуға бағалы көмегін тигізеді. Оқу мақсатына байланысты бейнематериалдарды сабақта немесе сабақтан тыс уақытта көрсетіп, пайдалануға болады. Сондай-ақ, бейнематериалдарды тақырып бойынша соңғы сабақта қорытындылау құралы ретінде пайдалану тиімді болуы мүмкін (мысалы, «Көмірсулар», «Полимерлер», «Силикат өндірісі», «Иондық байланыс» және т.б.). Бейнематериалды көрсетуге дейін мұғалім оқушылардың алдына экраннан көру кезінде жауаптары табылуы мүмкін бірқатар сұрақтарды қойғаны дұрыс. Фильмдерді толығымен көрсетуге немесе тақырып ерекшелігіне байланысты бөліп пайдалануға болады. Мұғалімдер бейнематериалдарды сабақтың басында проблемалық жағдаят туындату үшін де қолданады.



«Иондық байланыс» бейнефильм (www.youtube.com/watch?v=nMpOHEvD1E8).


Білімді ақпараттандырудың дамуының заманауи кезеңінде, химия пәні бойынша оқу материалдарын ұсынудың тиімді құралдарының бірі мультимедиялық таныстырылымдар болып табылады. Компьютерлік жүйелердегі графикалық көрнекі суреттер білім алушыға ақпаратты түсінікті беруге, оны түсінуді жеңілдетуге мүмкіндік береді. Химия сабақтарында мультимедиялық таныстырылымдар пайдалануға негізделген графика қолданылған бағдарламалық өнімдер оқушылардың түсігін, образды ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Мультимедиялық технологиялар (ағыл. multi – көп, media – орта) танымал педагогикалық ақпараттық технологиялардың бірі болып табылады, олар дыбыспен, бейне, анимация және басқа да визуалды әсерлермен (Simulation) сүйемелденетін бейнелердің, мәтіндер мен деректердің толық жиынтығын жасауға мүмкіндік береді; интерактивті интерфейсті және басқа да басқару тетіктерін қамтиды.

Мультимедиялық таныстырылымдар оқытудың заманауи техникалық құралы ретінде химия сабақтарындағы көрнекілікті арттыруға көмектеседі.



Презентация «Органикалық қышқылдар»


Электрондық оқулықтар мұғалім мен оқушының қызметін қарқындалтуға, пәнді оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік береді және көрнекілік ұстанымын жүзеге асыра отырып, химиялық және биологиялық объектілердің елеулі жақтарын көрсетуге мүмкіндік береді. Электронды оқулықты қолдану саласы өте кең: электронды – оқыту жүйесі қашықтан оқыту үшін, өздігімен ізденіс барысында, жалпы білімге деген талпыныс бар оқушыларға өте тиімді.



Электрондық оқулық. 11 сынып.

Оқытуды интерактивті форма түрінде қамтамасыз ететін оқылатын пәндер бойынша сандық дидактикалық материалдар: фотосуреттер, бейнекөріністер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуалдық шындық пен интерактивті модельдеудің объектері, дыбысты жазулар және басқа оқу материалдары ретінде сандық білім беру ресурстары (әрі қарай-СБР) оқу үдерісінде қолдану. СБР-дегі оқу материалының мазмұны мәтіндер, анимациялық мәтіндер, фотосуреттер, суреттер, иллюстрациялар, анимациялар, бейнероликтер арқылы беріледі.

Сандық білім беру ресурстары пән бойынша типтік оқу бағдарламасына сәйкес нақты оқу тақырыбына арналған дидактикалық материалдар болып табылады. Олар оқу пәнінің белгілі бір тақырыбы бойынша мультимедиялық түсіндіруді, интерактивтік тапсырмаларды және тестілік сұрақтарды қамтиды. СБР құрылымын мұғалім оқыту үдерісі кезінде қолдана алады: жаңа материалды түсіндірген кезде, материалды бекіту және меңгеру деңгейін бағалау кезінде, өз бетімен оқу, орындау және өз-өзін бағалау кезінде [3].



Сандық білім беру ресурсы. «Химиялық реакциялардың типтері»

Сонымен қатар, интернет желісінен ресурстарды алуда (SMART Board бағдарламалық қамтамасыз етуде (интерактивті тақтаға арналған БҚ), жобалар әдісімен бірге АКТ түрлерін пайдалануға болады. Интернет-ресурстар (3 кесте) оқушыларды танымдық қызығушылыққа ынталандырады, оқу жұмысына проблемалық, шығармашылық, зерттеу сипат береді, көп жағдайда пәннің мазмұндық жағын жаңартуға ықпал етеді, оқыту процесін дараландыру және оқушылардың өзіндік қызметін дамытады. Интернетті үлкен ақпараттық әлеуетті

қамтитын ақпараттық-коммуникациялық пәндік ортаның бөлігі ретінде қарастыруға болады [4].

3 Кесте. Химия сабақтарын дайындау және өткізу кезінде және сабақтан тыс іс-әрекетте қолданылатын интернет ресурстары

№	Сайттың атаулары	Адресі
1	Азбука веб – химиков	http://www.chemistry.bsu.by/abc
2	Алхимик	http://www.alhimik.ru
3	Аналитическая химия	http://www.geocities.com/novedu
4	Газета «Химия»	http://www.1september.ru
5	Информация по химии	http://www.chemrar.ru
6	Курс органической химии за 10 класс	http://formula44.narod.ru
7	Органическая химия	http://cnit.ssau.ru/organics
8	Открытый колледж: химия	http://www.chemistry.ru
9	Репетитор по химии	http://chemistry.nm.ru
10	Тестирование по химии	http://kokch.kts.ru/cdo
11	Химия для всех	http://www.informika.ru/text/database/chemy/START.html
12	Экспериментальная химия	http://www.chemexperiment.narod.ru http://experiment.edu.ru/
13	Электронная библиотека по химии	http://www.chemnet.ru/rus/elbibch.htm
14	Электронный журнал Химия и Химики	http://chemistry-chemists.com
15	Интернет оқулық	http://www.hemi.nsu.ru/
16	Разработки уроков по химии	http://festival.1september.ru/subjects/4/
17	Электронный журнал для преподавателей, школьников и студентов, изучающих химию	http://www.alhimik.ru
18	Мир химии.	http://www.chemistry.narod.ru/
	Электронные учебники по общей химии, неорганической химии, органической химии	http://www.informika.ru/text/database/chemy/Rus/chemistry.html
19	Задачи для олимпиад по химии, описание интересных химических опытов, словарь химических терминов.	http://www.edu.yar.ru/russian/courses/chem/
20	Бесплатное on-line тестирование по химии, требует регистрации в системе.	http://rotest.runnet.ru/cgi-bin/topic.cgi?topic=Chemistry
21	Виртуалды зертхана	https://bilimland.kz/kk/courses/simulation/ximiya/

Жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша оқу ортасын ұйымдастыруда ақпараттық технологиялар мүмкіндіктерін іске асыру арқылы заманауи білім беру ресурстарын пайдаланудың мысалдарын келтіре кетейік. Сабақты басы. Ұйымдастыру кезеңі. Екі өлшемді штрих-кодты пайдалану арқылы топтарға біріктіру.

QR коды дегеніміз не? QR коды «QR-Quick Response-жылдам жауап»-ұялы телефондағы камераның көмегімен оны жылдам тану үшін ақпарат беретін екі өлшемді штрих код (бар-код).



Пайдалану:

Камерамен ұялы телефонды алыңыз;

Кодты сканерлеу бағдарламасын іске қосыңыз;

Камера линзасын кодқа апарыңыз;

Ақпаратты алыңыз!

Осы бағдарламаны сабақта және сабаққа дайындық кезінде қалай пайдалануға болады?

Қолдану:

Оқыту барысында qr-кодтарды қолдану ретінде келесіні атауға болады:


1. материалдың игерілуін тексеру;

2. сілтемелер түріндегі үй тапсырмалары;

3. мәтінді тапсырмаларды электрондық поштаға жіберу; және тағы басқалар.

QR-код арқылы кез келген ақпаратты кодтауға болады, мысалы: мәтін, телефон нөмірі, сайтқа сілтеме немесе визитка.

Белсенді әдістер мен бағдарлама мүмкіншілігін пайдаланып, тапсырмалар құруға болады:



Оқушылардың тақырыпты түсіну дәрежесін анықтауда, ішкі уәжін туындатуда және пәнге қызығушылықты арттыруда Kahoot бағдарламасы өте тиімді.


Kahoot – викториналар, дидактикалық ойындар мен тестілер жасау бағдарламасы болып келеді.

Kahoot- ты қалай жасауға болады?

Қадамдық нұсқаулық:

1-қадам. Осы сілтеме бойынша өтіңіз <https://getkahoot.com> / және «Sign Up» батырмасын басу арқылы тіркелгіні жасаңыз (немесе бар болса, тіркелгіңізге кіріңіз — Sign In)

2-қадам. Жаңа оқу материалын жасау үшін «New K!»(жаңаны құру):




3-қадам. Kahoot қандай түрлерін таңдаңыз: тест-Quiz, дискуссия-Discussion, сауалнама-Survey немесе дәйектілік-Jumble

4-қадам. Тапсырма түрі таңдалғанда, ол туралы негізгі деректерді толтырып, « Ok, go»

5-қадам. Содан кейін сұрақтар қосу үшін «Add question» түймесін басыңыз.

6-қадам. Викторина дайын болғанда, бастау үшін «Play» түймесін басыңыз:

Оқушылар өз компьютерінен немесе смартфоннан kahoot.it сілтемесі бойынша өтеді, автоматты түрде генерацияланатын ойын кодын енгізеді. Одан әрі оқушылар өз атын енгізеді және барлық оқушылар өз есімімен ойынға кіргенде, мұғалім «Start» басу арқылы тестті іске қосады. Сұрақ-жауап сұрақтары мен жауаптардың нұсқалары мұғалім экранында пайда болады, ал оқушылар өздерінің ұялы телефондарынан немесе компьютерлерінен белгіленеді.



Бүгінгі таңда заманауи, техникалық үдерістен қалыс қалмауға міндетті педагогтардың компьютерлік технологияларды меңгеруі, компьютерлер, ноутбуктер, планшеттер, смартфондар және т.б. пайдаланылуы мүмкін АКТ- н сабақтың әр түрлі кезеңдерінде қолдана алуы оқыту процесінің сапасы мен тиімділігін арттырады.

Әр педагогикалық қызметкердің, көптеген сандық технологияларды қолдану арқылы ақпаратты тиімді және сыни іріктеп, талдап және құра білуі, сонымен қатар сол технологиялардың құрамдас бөліктері мен функцияларын білуі, яғни ақпаараттық сауаттылығын дамыту – заманауи талаптардың бірі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. [ЭР]. – Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>

2. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы // Мұғалімге арналған нұсқаулық. – Астана, 2012. – 306 б.

3. Сандық білім беру ресурстарын оқу үдерісінде қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 32 б.

4. Организация учебного процесса с использованием возможностей ИКТ на уроках химии и биологии [ЭР]. – Режим доступа: [pedsovet.org /component/ option, com_mtree/task,viewlink/](http://pedsovet.org/component/option,com_mtree/task,viewlink/)

З.К. Разбекова

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ ЕСТЕСТВЕННОНАУЧНЫХ ДИСЦИПЛИН

В статье рассматривается значимость современных образовательных ресурсов в развитии профессиональной компетентности учителей естественнонаучной грамотности и формирование деятельности педагога по использованию образовательных ресурсов на различных этапах урока и подготовки урока. На уроках химии и естествознания представлены пути организации учебного процесса с использованием возможностей информационно-коммуникационных технологий.

Ключевые слова: информационно-коммуникативные технологии, цифровые образовательные ресурсы, электронное обучение, мультимедиа, виртуальная экскурсия, интернет ресурсы, навыки широкого спектра, компетентность.

Z.K. Razbekova

THE USE OF MODERN EDUCATIONAL RESOURCES IN NATURAL SCIENCES

The article discusses the importance of modern educational resources in the development of teachers' professional development regarding natural science literacy and for preparation of a teacher, who is able to use educational resources at various stages of a lesson and also for its preparation. The ways of organizing the educational process, using information and communication technologies are presented at the lessons of chemistry and natural sciences.

Keywords: information and communication technologies, digital educational resources, e-learning, multimedia, virtual excursion, internet resources, a wide range of skills, competence.

К. СМАҒҰЛОВА

*«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша педагогикалық
қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты,
Қарағанды қ., Қазақстан
smagulova_k_g@mail.ru*

**ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ
ОҚУЛЫҒЫМЕН ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Мақалада жаңартылған білім мазмұны бойынша қазақ тілі мен әдебиеті оқулық мазмұнындағы жаңашылдыққа байланысты негізгі ұстанымдар, оқулықпен жұмысты ұйымдастырудың ерекшеліктері көрсетіледі. Білім алушының функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары оқулықтағы нақты мысалдар арқылы қарастырылады.

Түйінді сөздер: жаңартылған білім мазмұны, функционалдық сауаттылық, оқулық мазмұны, Блум таксономиясы, мәтін, оқу-әдістемелік кешен.

Бүгінде жаңартылған білім беру мазмұны бойынша қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың ерекшелігі – тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар, оқушылардың кең ауқымды дағдыларының қалыптасуына бағытталуында.

Оқу мақсаттарының құрылымдалған жүйесі: білімін функционалдық тұрғыдан және шығармашылықпен қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және өз бетінше жұмыс істей алу, проблемаларды шешу және шешім қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларды дамытуды қамтамасыз ету болып табылады.

Жаңартылған білім мазмұны талабына сәйкес оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ тілін оқыту төменде дағдыларды дамыту көзделеді:

Тыңдалым бойынша:

Қазақ тілді емес мектептердегі қазақ тілінен тыңдалым дағдыларын оқытуда төмендегідей тиімді тәсілдерді қолдануға болады:

– Тыңдалым алды: уәж, тұжырымдамалық карта, пікірталас, қорыту, оқыту алдындағы сөздік қор, болжам.

– Сәйкес хабарлама (бейнежазба немесе мәтін).

– Жалпы және нақты тыңдалым, егжей-тегжейлі тыңдалым – бірнеше рет тыңдау.

– Бейтаныс сөздермен жұмыс – мәнмәтінге қарап мағынасын ажырату.

– Өзара түзете отырып жауаптарды тексеру (кері байланыс).

– Транскрипция жасай отырып тыңдау.

– Тыңдаған мәтінді түсінгенін тексеру.

– Тілге шолу жасау тапсырмасы, сөз тіркестеріне, жаңа сөздерге, сөздік қорды қайта-қайта жаңғыртып отыруға назар аудару.

– Тыңдалымнан кейін: пікір білдіру, пікірталас жүргізу, рөлдік ойын.

Оқылым: Оқушылар төмендегідей жаттығуларды орындай отырып, мәтін құрылымын талдайды: себеп-салдар байланысын табу, салыстырмалы сипаттама, араластырылып берілген азат жолдарды қайта құрау, қорытындыдан қате сөйлемдерді алып тастау, негізгі идея мен қосымша ақпаратты сәйкестендіру және т.б.)

Мысалы, мұғалім оқушымен жұмыс істегенде жаңартылған білім мазмұны бойынша ұсынылған оқулықтың функционалдық, құрылымдық-мазмұндық белгілерін ескеру қажет: мақсатты-ынталандырушы қыры [1]:

- оқушыларға ғылыми құралдарды, теорияны, әдістер мен тәсілдерді қолдану ережелерін үйрету;

- оқушыларды өз бетінше ақпарат іздеуге, сараптамалық және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға үйрету;

- әлеуметтік тұрғыдан белсенді азамат тәрбиелеу, ізгілік мұрат және демократиялық құндылықтарды, қазақстандық патриотизм сезімін, ғылыми дүниетаным қалыптастыру;

- ХХІ ғасыр дағдыларын қалыптастыру.

Оқулықтың функционалдық қырын дидактикалық функциялардан көруге болады. Осыған байланысты мұғалім оқулықтың негізгі және қосымша функцияларын ескеріп жұмыс істегені жөн. Негізгі функция ретінде оқу мақсатына сәйкес келетін үш функцияны атауға болады: оқыту, тәрбие беру және дамыту. Оқулықтың басты функциясы – оқыту барысында сын тұрғысынан ойлау, білімді шығармашылықпен қолдану қабілетін, проблемаларды шешу қабілетін, ғылыми-зерттеу дағдыларын, қарым-қатынас дағдыларын (тілдік дағдыларды қоса алғанда), топта немесе жеке жұмыс істеу қабілетін дамыту болып табылады.

Дамыту функциясы жақын арадағы даму аймағын ескере отырып, психикалық әлеует пен эмоциялық зиятын, жеке тұлғалық қасиеттерін, ынталандырушы ортасын және т.б. дамытуға бағытталғандығын да қамту қажет.

Қосымша функциялардың арасынан мыналарды атап өткен жөн:

- білімнің көрнекі-ауызша мазмұнын бейнелейтін ақпараттық функция;
- оқу пәнінің қисынында материалды міндетті түрде жүйелі және тізбектеп баяндауға қойылатын талапты жүзеге асыратын жүйелеу функциясы;

- оқушыларды сол пәнді оқуға ниеттендіретін, оқуға деген танымдық қызығушылығы мен жағымды көзқарас қалыптастыратын ынтаның пайда болуына бағытталған ынталандырушы функция;

- меңгерілуі тиіс ғылыми білімді педагогикалық тұрғыдан өңдеуді көздейтін трансформациялық функция;

- оқушыға оқулықта баяндалған материалдан іргелес ғылымдар бойынша қосымша ақпарат алуға көмектесетін ықпалдастырушы функция;

- оқу материалымен жұмыс істеу барысында әртүрлі оқу құралдарын қолдануды (анықтамалықтарды, есеп жинақтарын, карталарды, көрнекіліктерді, фильмдерді, оқу құралдарын, электрондық ресурстарды және т.с.с.) қамтамасыз ететін және олардың тиімді әрі оңтайлы қолданылуын қамтамасыз ететін үйлестіруші функция;

- оқу барысын тексеруге, өзін-өзі және өзара бағамдауға және оқу нәтижелерін түзетуге көмектесетін, сондай-ақ қажетті икемдер мен дағдыларды қалыптастыру үшін машықтандыру жаттығуларын орындауға ықпал ететін бақылаушы-түзетуші функция;

- оқушылардың өз бетінше алуға (табуға) ынтасы мен икемін қалыптастыруға, біліміндегі олқылықтарды өздігінен толтыруға көмектесуге бағытталған өздігінен білім алу функциясы.

Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын ЖББОМ-нің үлгілік бағдарламасында бұл «Қазақ тілі» (Т2) пәнін сапалы, тиімді оқытуда қолайлы жағдай туғызуға қажетті құрал-жабдықтар: шектеусіз интернет; компьютерлер немесе ноутбуктер; құлаққаптар (наушниктер); жылжымалы тақта; проектор, экран; интерактивті тақта; флип-чарт; маркерлер; ламинатор; аудио-бейне материалдар; дидактикалық материалдар оқу-әдістемелік кешенмен жұмыс жасауға мүмкіндік жасайды деп көрсетілген [2].

Ендеше жаңартылған білім мазмұны негізінде жұмыс жасайтын ұстаз осы міндеттерді де қарастырғаны дұрыс.

Жаңартылған білім мазмұны негізінде құрастырылған оқулықтарда ереже, әрекеттерді орындау алгоритмдері сияқты ерекше мағынаға ие маңызды элементтер түрлі түстермен және қаріптермен ерекшеленеді, бұл оқушыларға маңызды бөлімдерді, параграфтың түйінді жерлерін алдымен байқап, кейін оны оқулық мәтінінен өздігінен таба алу қабілетін қалыптастыруға көмектеседі.

Оқулықтың құрылымдық бөлігі, яғни мәтіннен тыс компоненттері де маңызды.

Мәтіннен тыс компоненттерге қабылдауды ұйымдастыру аппараты, бағыттаушы аппарат және оқыту және бақылау функцияларын атқаратын көрнекі материалдар жатады.

Параграфтың алдындағы сұрақтар мен тапсырмалар жаңа тақырыпты зерттеуге қажет болатын тірек білімді анықтауға және еске түсіруге септігін тигізеді. Мәтіндегі сұрақтар мен тапсырмалар оқушылардың ойларын жаңа материалды игеруге бағыттайды.

Параграфтың соңындағы сұрақтар мен тапсырмалар білімді бекітуге, оны тәжірибеде қолдануға және қаншалықты игерілгенін бақылауға арналған. Білімді жалпылап, жүйелеу мақсатында сұрақтар мен тапсырмалар үлкен тақырып пен бөлімдерден кейін берілуі мүмкін.

Күрделілігі мен дидактикалық мақсаты жағынан жаңа ғана оқығанды қайталауға, негізгі ойды анықтауға, байланыс орнатуға, дәлел келтіруге, білімді таныс және жаңа оқу жағдайына қолдануға арналған сұрақтар болады. Сұрақтар мен тапсырмаларды орындау түрлі білім көздеріне сүйенеді: мәтін, карталар, графиктер, диаграммалар, суреттер және фотосуреттер, сызбалар және профильдер т.б. Тапсырмалар әртүрлі тұжырымдалуы мүмкін және оқушылардан әртүрлі әрекеттерді талап етеді:

Оқытудың түрі мен әдіс-тәсілдері өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты мұғалімдер алдында сабақтың түрін, типін, әдіс-тәсілдерімен қатар тиімді оқытуды басты назарға алу керек екендігін үнемі естен шығармауымыз керек. Себебі, заман бір орында тұрмайды. Ағын су қай жаққа ақса, білім де ағынды су сияқты, таза бұлақ сияқты жаңашылдыққа жақын жүруі керек. Мемлекетіміздің білім беру үдерісінде енгізілген жаңартылған білім беру бағдарламасы – келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

«Мұғалім көп әдістерді білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек» деп, Ахмет Байтұрсынов айтып кеткендей, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы шарт.

Тіл – қоғамдағы адамдардың өзара пікір алысу, бір-бірімен қарым-қатынас жасау құралы. Тілдің әр түрлі салаларының даму сипаты мен қарқыны түрліше болуы мүмкін. Бүтіндей тіл және оның әр түрлі салалары тілдің ішкі даму заңдары бойынша дамиды.

Бүгінде 5-8-сынып аралығында үлгілік оқу жоспарында көрсетілген оқу жоспарына белгіленген оқушының тіл үйренуіне қажетті: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамытатын жүйе оқулық мазмұнында қамтылған. Қосымша электрондық аудио материалдар берілген.

Пәннің оқу-әдістемелік кешені мен қосымша материалдарын пайдалану бойынша практикалық ұсыныстар да бар. Мұғалімнің міндеті – осы оқу-әдістемелік кешенді барынша тиімді пайдалана білуі.

Бұл оқу тапсырмалары оқу үрдісін, жұмыс түрлерін тиімді басқаруды, сонымен қатар өз оқуын табандылықпен жалғастыруды, оқудың ұзақ кезеңінде ықыласты болуды және оқудың мақсаттары мен міндеттерін сын тұрғысынан ойлауды қамтамасыз етеді. Осы тұрғыда оқу тапсырмаларының қорын әзірлеу жұмысы бізден Еуропалық біліктілік жүйесіндегі іс-тәжірибені үздіксіз оқып үйреніп, қолданысқа енгізе білуімізді талап етері анық. Ал оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып,

дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну – өмір талабы.

Блум таксономиясы танымдық үрдісті ең қарапайым деңгейден бастап, бірте-бірте күрделенетін деңгейге жіктейтіндігін ескере отырып, қарапайым деңгейде есте сақтау, түсініп білу, еске түсіру, ал одан кейінгі түсіну деңгейінде сол ақпаратты басқаша, өз сөзімен жеткізе алумен жалғасады.

Жаңа ақпаратты бөліктерге бөліп зерттеуден кейін оны өз тәжірибесінде тасымалдай алу сияқты алдыңғыға қарағанда күрделі әрекетке ұласады. Қарама-қарсылық туғызу, шешім қабылдау, баға беру оқушының білімін дамытудағы ойлаудың жоғары деңгейінде жүретін жұмыстар. Сөз етіліп отырған деңгейлерге сәйкес танымдық үрдістің мақсаттары бірте-бірте күрделеніп отырады. Әр қадам сайын сол деңгейде орындалған әрекетке баға беруді жүзеге асыру арқылы оқушының білім деңгейі артып, шығармашылығы шыңдалады. Шығармашылық жұмыстарды орындағанда оқушылар өзінің болжау, түрлі құбылыстардың арасындағы байланыстарды салыстыра білу қабілетіне сүйене отырып, ой қорытындысын жасап, жаңа шешім табады, өзіндік жаңалық ашады. Бұл жаңалықты бала шығармашылығын дамытуда пайда болған өзгеде жоқ қайталанбайтын өнім деп қарауға болады. Бұл айтылғандар оқушылар арасында Б.Блум таксономиясының деңгейлеріндегі ойлау жүйесі арқылы жүзеге асады.

Ақпарат – оқу мен ойлаудың негізі. Ақпаратсыз біз ойлай да, шешім қабылдай да, проблеманы да шеше алмаймыз, шығармашылық қызметпен айналыса алмаймыз. Жеткілікті ақпарат алып қана біз тұжырымдар әзірлей аламыз, жалпылаулар жасап және жоғары интеллектуалдық деңгейде ойлай аламыз.

Ақпаратты түрлі тәсілдермен алу қажет, бірақ сабақта көзбен көріп алған тиімдірек. Америкада осыған байланысты мәтел де бар: «Айту – оқыту деген сөз емес». Ақпаратты сауатты жазбаша түрде ұсыну қажет.

Алдымен, оқулықта берілген ақпаратты қарап алу қажет, қажет болса, оны өзгерту немесе толықтыру қажет.

Ақпаратты іріктеген сайын үш басты қағида есіңізде болсын:

1) бірінші кезекте оқушыларды оқыту үшін қажетті, оқушыларға әр элементтің басқа элементтермен және барлық жүйемен байланысын көруге көмектесу үшін тірек және сілтеме болу үшін қажетті ақпаратты анықтау мен жүйелеу қажет.

2) ақпарат қысқаша, түрлі түсіндірулерден тұрмайтын, үлгілері бар, тұжырымдама немесе ереженің мәнін түсіндіретін анық тілмен мазмұндалу қажет;

3) оқушылар үрдісті немесе оның нәтижесін тікелей көру үшін көрнекілік модельді мүмкіндігінше пайдаланыңыз.

Қазақ әдебиетін оқытуда мысал ретінде 5-сынып «Қазақ әдебиеті оқулығы» мазмұнына назар аударайық (С.Ч. Тұрсынғалиева, Р. Зайкенова. 2017, «Арман-ПВ» баспасы) [3].

Мысалы, «Тұрмыс-салт жырлары» және «Мақал-мәтелдер» тақырыптары бойынша «Тұрмыс-салт жырларын бүгінгі таңдағы қолданыстағы түрлерімен салыстыр, айырмашылығы мен ортақ белгісін шығар», «Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді орыс және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдермен салыстырып, сәйкестікте қарастыр» деген проблемалық сұрақтар негізінде салыстыру, талдау әдістері арқылы зерттеушілікке жетелеуге болады. Осындай тапсырмалар арқылы оқушылардың бұрын, беймәлім таныс емес, «жаңа өнімге», «өзіндік өнімге» қол жеткізуі ойластырылады. Блум таксономиясына негізделген сабақ кезеңдерінде оқушы зерттеуші, өнім беруші, өз жетістіктерін саралаушы, талдаушы қызметінде болып, өзін зерттеуші ретінде сезуіне жағдай туғызылады.

Функционалды сауаттылық-адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті болып

табылатындықтан, функционалды сауаттылық сол тұлға меңгерген белгілі бір білім-біліктерден көрініс табады.

Функционалды сауаттылық-тілдік тұлғаның әлеуметтік-қоғамдық ортада сөйлесім әрекетінің түрлерін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім) өзінің мақсатына қарай еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі.

Оқулықпен жұмыста оқушының функционалды сауаттылығы біртұтас әдістемелік жүйе арқылы қалыптастырылуы қажет. Жүйені құру әрқашан оның элементтерінің реттілікке ұмтылуына, біртұтастыққа қарай қозғалуына байланысты. Ол тәрбие берудің мақсатынан бастап оқу-тәрбиенің түпкі нәтижесіне дейінгі аралықтағы компоненттердің бірлігі арқылы жүзеге асады.

Қазіргі әлемде тұлғаның бойына ұтқырлық, батылдық, жауапкершілікті қалыптастыру жағдайда білімді игеру және қолдану, басқа адамдармен тіл табыса білу қабілеттерін – функционалды құзыреттілікті қалыптастыру маңыздылығы зор. Білім беру ұйымдарында оқушылардың функционалды сауаттылығын кешенді түрде жүргізу үшін әдістемелік жүйесін қалыптастыру мақсатында төмендегі басым бағыттарды тұжырымдауға болады:

1. Оқушылардың жеке дара қабілеттерін дамытудың тетігін айқындау және түзетуші іс-әрекеттер жүргізу;

2. Оқушылардың қатысымдық, ақпараттық, проблемалардың шешімін табу құзыреттіліктерінің бірлігі;

3. Оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеттілігі;

4. Оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі және әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі;

5. Оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуі.

Функционалды сауаттылыққа қол жеткізудегі маңызды ұстанымдар:

Қатысымдық (коммуникативтік) тұрғыдан оқыту ұстанымы білім мазмұнындағы басшылыққа алынатын барлық ұстанымдардың негізіне салынады. Себебі тілді меңгертуде мүмкіндік беретін жүйе тілді оқушының сөйлеу, тіл мәдениетімен бірлікте қарастыру болып табылады.

Шығармашылық ұстаным сабақты шығармашылық үдеріс ретінде құруды мақсат етеді. Оқу үдерісінде жұптық, топтық жұмыс түрлеріне біріккен шығармашылық тапсырмалар мен жобаларды орындауға үлкен мән беріледі. Оқушылардың алдыңғы сабақтарда алған білім, дағды, біліктерін жаңа жағдаятта қолдана алуына қажетті дағдылары дамытылады. Пәнді интеллектуалдық және шығармашылық тұрғыда түсініп меңгертуге ден қойылды.

Әрекеттік ұстанымы. Сөйлесімдік қарым-қатынас, өз кезегінде қарым-қатынас жасаушы адамдардың «әлеуметтік әрекеттесуі» жағдайында адамдардың өз міндеттерін шығармашылық әрекетпен шешуіне қызмет етіп, «сөйлесім әрекеті» арқылы іске асырылады. Олар функционалды сауаттылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқулықпен жұмысты ұйымдастыруда жоғарыда келтірілген функционалды сауаттылықты қалыптастырудың арнайы ұстанымдарына негізделген тапсырмалар оқыту жүйесінде оқу әрекетінің субъектісі-оқушының даралық сипатын, қызығушылығын, шынайы өмірлік қажеттілігін, мүмкіндігін, бейімділігін, әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақ тілі. 3 сынып. Оқулық. Ф.Ш. Оразбаева, Ж.Т. Дәулетбекова, Р.С. Рахметова, А.Қ. Рауандина, Л.С. Нұрмұханова. – Алматы: Көкжиек-Горизонт, 2018.

2. 2018-2019 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018. – 368 б.

К. Смағұлова

ОРГАНИЗАЦИЯ РАБОТЫ С УЧЕБНИКОМ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

В статье представлены основные принципы и особенности организации работы с учебником казахского языка и литературы, связанные с обновлением содержания образования. Посредством конкретных примеров из учебника рассматриваются способы развития функциональной грамотности обучающегося.

Ключевые слова: обновление содержания образования, функциональная грамотность, таксономия Блума, текст, учебно-методический комплекс.

K.Smagulova

ORGANIZATION OF WORK WITH KAZAKH LANGUAGE TEXTBOOKS AND UPDATED CURRICULUM LITERATURE

The article presents the basic principles and features of the organization of work with Kazakh language textbooks and literature related to updated content of education. The ways of student's functional literacy development have been presented through by giving concrete examples from the textbook,

Keywords: updated content of education, functional literacy, Bloom's taxonomy, text, educational and methodical complex.

Г.К. ТУСУПКАЛИЕВА

*«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша педагогикалық
Қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты
Қарағанды қ., Қазақстан
Tusupkalieva_g@mail.ru*

ТАРИХИ КОНЦЕПТІЛЕРГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ДАЙЫНДАУ

Мақалада тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру үшін тарихи концептілер негізінде оқыту қарастырылған. Алты тарихи концептіге жеке түсіндірме беріліп, оқыту нәтижелері көрсетілген. Әр тарихи концептіге негізделген, оқушылардың тарихи даму дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар құрастырылды. Тарихи концептілер тарих бойынша алған білімді жүйелеуге, адамзаттың тарихи дамуының тұтас бейнесін қалыптастыруға және оқушылардың тарихи ойлау дағдысын дамытуға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: тарихи концептілер, өзгеріс пен сабақтастық, себеп пен салдар, дәлел, ұқсастық пен айырмашылық, маңыздылық, интерпретация.

Концепт латын тілінде де бірнеше мағынаға ие: conceptio – жиынтық, жүйе, байланыс, қойма, заң актілерін тұжырымдау деген мәнге негізделген. Концеп туралы ғалымдардың ойы әр түрлі. Ағылшын тіліндегі concept сөзін «ұғым» деп аудару ұсынылды, алайда қазіргі таңда зерттеушілер «концепт» пен «ұғым» терминдерінің ара-жігін ашуда. Мәселен, Ю.С. Степанов ұғым мен концептің айырмашылығы туралы айтқанда, біріншісін логика мен философия, екіншісін математикалық логикамен байланыстырды. Ал, кейінгі уақытта концептіні «мәдениеттің ұйытқысы» ретінде анықтап мәдениеттанумен де байланыстыруда [1].

Бүгінгі күні «Концепт» термині қазіргі тіл білімінің әртүрлі бағыттарында белсенді қолданылып жүр. Дүниенің тілдік бейнесін ұлттық мәдениет контекстінде қарастырған қазақ тіл білімінде отандық ғалым А. Исламның пікірінше: «Концепт дегеніміз — ұлттық дүниетанымның ықшам да, терең мағыналы құндылықтарын айқындайтын күрделі бірлік. Әр ұлттың концептілер жүйесін дүниетаным құндылықтары құрайды. Концептілер бір-бірімен тығыз байланыста болып, бір-бірінен туындап отырады» деп өз пікірін білдірген.

Б.Тілеубердиев концепт сөздерді, олардың мәні мен мағынасын түсіну жеке адамнан бастау алып, қоғамдық таптар мен тұтас бір ұлттың ой-өрісі, дүниетанымы жайында ақпарат беретіндігін баса көрсетеді [2].

Жалпы, концепт философиялық тұрғыда екі бағытта түсіндіріледі: біріншісі – рухани мәдениеттің өзекті сөзі, екіншісі – сөздің пайда болуына дәнекер алғашқы түсінік. Концептің басты белгілерінің бірі – оның мәдени реңкте болуы. Сондықтан ол ұлттық ерекше дүниетанымды түсінуде басты компонент болып саналады.

Сонымен концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталатын, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам, әрі терең мағыналы шындық болмыс. Ұлттың мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым [3].

Тарих сабағында тарихи концептілер негізінде оқыту пәнаралық міндеттерді шешу үшін әр түрлі пәндердің мазмұнын біріктіруге, бір пәннен екіншісіне идеяларды, әдістерді, принтиптерді таратуға, оқушының тарихи ойлау дағдысын дамытуға және функционалдық қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Белгілі бір тарихи концептіге фокус жасап отқыту, оқушылардың оқу материалын жан-жақты игеруіне және тарихи ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл пәнді терең меңгеруге және

оқушылардың зерттеу дағдысын дамытуға ықпал етеді. Тарихи концептілердің негізгі функциясы әлем туралы ғылыми білімдерді қалыптастырып, реттеу болып табылады.

Тарихи ілімнің ажырамас бөлігі болған құбылыстар, заңдылықтар мен тарихи тенденциялар, сондай-ақ нақты оқиғаларды түсінуге көмектесетін тарихи концептілер болады.

Тарихи концептілер оқушыларға тарихшылардың қалай жұмыс істейтінін, жалпы тарихи білімнің қалай құрылып, қалыптасатынын түсінуге мүмкіндік береді. Тарихи концептілерге мыналар жатады: 1) өзгеріс пен сабақтастық; 2) себеп пен салдар; 3) дәлел; 4) ұқсастық пен айырмашылық; 5) маңыздылық; 6) интерпретация [4].

Тарихи концептілер негізінде оқу оқушылар мен мұғалімдер үшін тарихты оқуда, зерттеуде әр қырынан қарауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тарихи концептілер тарих бойынша алған білімді жүйелеуге, адамзаттың тарихи дамуының тұтас бейнесін қалыптастыруға және оқушылардың тарихи ойлау дағдысын дамытуға мүмкіндік береді.

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №352 бұйрығымен өзгертілген «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы» (бұдан әрі – оқу бағдарламасы) базалық тарихи ойлау дағдыларын және одан күтілетін нәтижелерді анықтап берді. Олар: тарихи деректердің интерпретациясы, уақыт пен кеңістікте бағдарлану, тарихи талдау және түсіндіруді қалыптастыру.

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқу мақсаттарын тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге (түсініктер) негізделеді:

- 1) өзгеріс пен сабақтастық;
- 2) себеп пен салдар;
- 3) дәлел;
- 4) ұқсастық пен айырмашылық;
- 5) маңыздылық;
- 6) интерпретация.

Оқу бағдарламасымен анықталған тарихи концептілер негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері:

1) «өзгеріс пен сабақтастық» бойынша білім алушылар: сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды және бағалайды; сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен тақырыптарға дейін біріктіреді, тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт межесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіреді;

2) «себеп және салдар» бойынша білім алушылар: бір немесе бірнеше себептердің және/немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды және бағалайды; ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсінеді, тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін түсіндіреді және бағалайды;

3) «дәлел» бойынша білім алушылар: қарастырылып отырған дәлелге қатысты: аудитория, мақсаттар, көзқарастар, формат, аргумент, шектеулер және контекст сынды тарихи айғақтың ерекшеліктерін талдайды, тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды, өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден әртүрлі, қарама-

қайшы айғақтарды талдайды,

4) «ұқсастық пен айырмашылық» бойынша білім алушылар: белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде және/немесе әртүрлі қоғамдарда, немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстырады;

5) «маңыздылық» бойынша білім алушылар: қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды;

6) «интерпретация» бойынша білім алушылар: белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты әртүрлі көзқарастарды түсіндіреді және бағалайды [5].

Өзгеріс пен сабақтастық. Тарих пәні сабағында өзгеріс пен сабақтастық тарихи концептісіне негіздеу үшін графикалық орғанайзерлерді пайдалануға болады (кестелер 1, 2).

Кесте 1. Өзгеріс пен сабақтастықты анықтау кестесі

Уақыт кезеңі басындағы сипаттамалар	Елеулі өзгерістер, бетбұрысты кезеңдер немесе оқиғалардың мысалдары (негізгі даталарды қоса алғанда)	Уақыт кезеңі соңындағы сипаттамалар
Бірінші дүниежүзілік соғыс басталар алдындағы әлем	1. 2. 3.	Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі әлем
	Мәнді/маңызды сабақтастықтар	
	1. 2. 3.	
Орын алған өзгерістер мен сабақтастықтардың себептері	1. 2. 3.	
Жаһандық контекст		

Кесте 2. Жағымды және жағымсыз өзгерістерді анықтау кестесі

Париж бейбіт конференциясының шешімдері бойынша аумақтық өзгерістер кестесін толтырыңыз			
Негізгі даталар	Саяси оқиғалар	Экономикалық оқиғалар	Әлеуметтік оқиғалар
1918 жыл			
1919 жыл			
1920 жыл			
1921 жыл			
Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлем қалай өзгерді?			
Жағымды өзгерістер	Негізгі оқиғалар	Жағымсыз өзгерістер	
	1914-1918 жылдар		
	1919 жыл		
	1920 жыл		
	1921 жыл		


Осындай графикалық орғанайзерлерді пайдалану арқылы оқушыларды сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдауға үйретуге мүмкіндік аласыз.

Себеп пен салдар. Себептілік белгілі бір оқиғалардың НЕЛІКТЕН болатындығын түсіндіреді. Оқиғалардың көбісі бір себептен артық және ол себептер әр уақытта бір деңгейде маңызды болып табылмайды. Белгілі бір оқиғаларды талдау кезінде келесі мәселелер пайдалы болуы мүмкін: ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді себептер және сылтаулар.

Ұзақ мерзімді себептер және бағыттар ұзақ уақыт бойы қалыптасатын елеулі факторлар болып табылады. Мысалы, Бірінші дүниежүзілік соғыс барысында германияның құрған «Шлиффен жоспарын» құрудағы ұзақ мерзімді себебі дүниежүзін басып алуды көздеу болуы мүмкін.

Қысқа мерзімді себептер оқиғаның болуына дейін белгілі бір қысымдарды тудырады. Бұл себептер тез арада маңыздырақ себептерге ұласуы мүмкін. Германдық капиталистер Түрік үкіметімен маңызды келісімге қол қоюы, бұл қысқа мерзімді себептерге жатады, ал ұзақ мерзімді себебі «Германияның болашағы – Шығыста!» деп шығысты басып алуды көздеді.

Оқушылар бірнеше себептерді анықтап, олардың салдарын талдап өзіндік қорытынды пікір айту дағдыларын дамыту үшін сабақта «Балық қаңқасы» әдісін қолдануға болады (сурет 1).



Сурет 1. «Балық қаңқасы» әдісі.

«Дәлел». Дәлелдің негізінде фактілер мен пікірдің ара-жігін ажырата білу маңызды дағды болып табылады. Факт немесе Пікір әдісі. Бұл әдіс бойынша оқушылар ұсынылған нәрсе факті ме, әлде қарапайым пікір болып табылады ма, соны шешуге тиіс.

Оқушыларға белгілі бір мәселеге қатысты бірқатар тұжырымдар беріледі. Көптеген жағдайларда олар талқыланып отырған мәселенің екі қырын бейнелейтін пікір болып келеді. Оқушылар өз шешімдерін дәйектеу үшін дайындалып, кері байланыс кезінде сынып алдында олармен таныстырады. Сонымен қатар оқушылар топтар арасында пікірлердің ұқсастығы мен айырмашылығын қарастыра алады (кесте 3).

Кесте 3. Картаны талдауға арналған аналитикалық жұмыс парағы

	КАРТА ТҮРІ (біреуін белгілеңіз): • Дүниежүзілік саяси карта • Материктік карта • Мемлекет картасы • Әкімшілік бірлік картасы Мазмұны бойынша
--	---

	• шолу • жалпылама • тақырыптық
	КАРТАНЫҢ БІРЕГЕЙ ФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ
	КАРТАНЫҢ МЕРЗІМІ
	КАРТАНЫҢ ЖАСАУШЫСЫ/АВТОРЫ
	КАРТА ҚАЙДА ЖАСАЛҒАН?
	КАРТАНЫҢ АҚПАРАТЫ А. Өз бақылауларыңыздың негізінде маңызды деп санайтын үш дәлелді көрсете отырып, карта бойынша қорытынды жасаңыз. 1. _____ 2. _____ 3. _____ В. Бұл карта неге жасалған деп ойлайсыз? С. Оның жасалған себебін көрсететін картадағы қандай белгілер дәлел бола алады? Д. Бұл карта тарихи оқиғаның мазмұнына қандай ақпарат қосады? Е. Бұл картадағы ақпарат сіздің білетініңізге сай ма, әлде қарама-қайшы келе ме? Жауабыңызды түсіндіріңіз. Ғ. Картаға қатысты жауапсыз қалған сұрағыңызды авторға жазыңыз.

Жоғарыда көрсетілген әдістерді қолдану арқылы тапсырма берсеңіз қарастырылып отырған дәлелге қатысты: аудитория, мақсаттар, көзқарастар, формат, аргумент, шектеулер және контекст сынды тарихи айғақтың ерекшеліктерін талдауға мүмкіндік аласыз.

«Ұқсастық пен айырмашылық». Дүние жүзі тарихы сабағында ұқсастық пен айырмашылық тарихи концептісіне негіздеу үшін графикалық органайзерлерді пайдалануға болады.

Графикалық немесе визуалды органайзерлер білім, тұжырымдамалар, идеяларды және олардың арасындағы өзара байланыс мен қарым-қатынасты көрсету үшін графикалық нотацияны қолданатын жазбаша қарым-қатынастың аспаптарын қамтиды. Көрнекі, коммуникативті және танымдық қызмет атқаратын дидактикалық құрал ретінде графикалық органайзерлер ақпаратты тасушы ретінде ғана емес, сонымен қатар, білім беру жобаларын жоспарлау, мәселелерді шешу, шешімдер қабылдау, зерттеулер жүргізу кезінде оқушылардың жұмысына қолдау көрсету үшін қолданылады.

Салыстыру мен салғастыруға арналған графикалық органайзерлер (compare/contrast organizers) екі не одан да көп нысандардың санаттары арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды сәйкестендіру үшін қолданылады:

- Венн диаграммалары жиынтықтардың арасындағы бар мүмкін қисынды өзара қатынастарды көрсетеді;
- Т-диаграммалары мәселенің екі жағын, мысалы, «жақтаушы» және «қарсы» дәлелдер, артықшылықтар мен кемшіліктер, фактілер мен пікірлер;
- квадранттар екі тұжырымдамалар жиынтығы арасындағы өзара байланысты көрсетеді.

Қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстыру үшін сабақта венн диаграммасын қолдануға болады. Венн диаграммасы төменгі сыныптан бастап қолдану үшін өте тиімді әдістін бірі. Мысалы: Ежелгі Қытай мен Ежелгі Грекия өнерінің ұқсастығы мен айырмашылығын табу арқылы оқушыларға тарихи саралау және түсіндіру дағдыларын үйретуге болады.

Ұқсастығы	Ортақ белгілері	Айырмашылығы

Сонымен қатар, оқушылардың тарихи оқиғаларды салыстыру дағдыларын қалыптастыруда статистикалық дереккөздермен жұмыс жасауды үйретсе болады.

Сандарға негізделген тарихи дереккөз статистика деп аталады. Статистика – бұл өте құнды дереккөз, себебі ...

- тарихи оқиғалардың немесе процестердің сандық сипаттамаларын береді;
- оқиғалар немесе процестердің кезеңдерін анықтауға көмектеседі;

Статистикалық дереккөздердің мынадай түрлері бар: шеңбер диаграмма; графика; кесте.

Статистика көмегімен бір уақыттағы өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, әлеуметтік құрылым, адамдардың өмір сүру деңгейі және т.б. қоғамдық өмірдегі құбылыстарды көруге болады. Сондай-ақ, статистика әртүрлі елдерде және түрлі кезеңдердегі процестерді (олардың ұқсастығы мен айырмашылықтары) салыстыруға өте ыңғайлы. Салыстыру мен қорытынды жасауға көмектеседі. Статистикалық мәліметтерге сүйеніп, мыналарды білуге болады:

- Кестеде қандай жағдайды салыстыруға болады?
- Неге бұл операциялық факторлар қабылданды?
- Бұл операциялық факторлар нені көрсетеді?
- Мұны қандай фактілер дәлелдейді?

Естеріңізге сала кетейік, – кез-келген тарихи дерек көзі сияқты – статистика толығымен, бір жақты және кейде жалған ақпарат береді. Статистикалық дереккөздердің сенімділігін мұқият тексеру қажет. Сондай-ақ, статистикалық деректерді кім, қайда және қашан жасағанның білуі керек. Оның мақсаты неде? Ол қандай дереккөздерді пайдаланылғанын ескеру маңызды.

«Маңыздылық». Маңыздылық бойынша білім алушылар: қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды;

Маңыздылық дегеніміз: оқиғаның болашаққа әсері, тұлғаның сол оқиғаға әсері, тұлғаның болашаққа әсері.

Маңыздылық жай ғана «маңыздылық емес», ол бағалау мен пікірлерді білдіру барысында ерекше сақтықты қажет етеді. Маңыздылық деңгейі – оған тарихшылардың қандай баға беретініне байланысты.

Қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтау үшін «5R маңыздылық» кестесін толтыруды ұсынуға болады (кесте 4).

Кесте 4. 5R маңыздылық

Есте қалатыны	-Бұл оқиғаны есте сақтайды ма? -Кім? -Қайда?
Нәтижелілігі	-Бұл оқиға қандай нәтижеге алып келді?
Айрықша мәнділігі	-Бұл оқиға нақты сол уақытта қандай көрініс тапты? -Бұл оқиғаны маңызды немесе бірегей деп санады ма?
Жаңғырығы	-Біздің мәдениетте бұл оқиға көрініс табады ма? -Қазіргі қоғамның қалыптасуына бұл оқиға өзінің әсерін тигізді ме? -Адамдар бұл оқиғадан сабақ алды ма?
Айқындайтын\ басқа да қырларды түсінуге жол ашатындығы	-Бұл оқиға сол уақыттағы адамдардың ой-пікірі мен әрекеттері туралы қандай ақпарат бере алады?

«Интерпретация».

- түпдеректермен қатар тарихи материалдар интерпретацияланған деректер түрінде болуы мүмкін (ғылыми еңбектер, кинофильмдер, иллюстрациялар және т.б.);
- белгілі бір оқиғаның бірнеше интерпретациясы болуы мүмкін;

- интерпретацияларды тарихи деректер секілді талдауға болады;
- оқушылар интерпретацияның негізгі идеясын, маңызын зерттеу керек;
- интерпретациялардың айырмашылықтарын анықтау қажет (автордың пікірі, әдісі, мақсаты, аудиториясы, интерпретация негізделетін түпдеректер);
- тарихи интерпретациялардағы тұжырымдар мен негіздемелерге баға берілуі керек.

Оқушылардың тарихи саралау және түсіндіру дағдыларын дамыту үшін интерпретация тарихи концептісіне негіздей отырып визуальды дереккөздермен де жұмыс жасауға болады. Оның ішінде карикатураны қарастырып көрейік.

Карикатура әзіл немесе иронияға негізделген визуальды дереккөз болып табылады. Карикатура еуропада XIV-XV ғасырлардан бері тарихи білімнің маңызды құрамдас бөлігі болып келеді. Әзіл мен ирония арқылы автор, саяси көзқарас пен қауіпті идеяларды бейнелейді. Тарихшылар үшін карикатуралардың құндылығы белгілі бір уақыттағы адамдарының ой-санасы мен пікірін білдіреді. Олар қазіргі заманауи өмірдің көрінісін бейнелейді. Карикатурист-суретші өзінің жұмысындағы мәселелерді көрермендерінің жақсы білетіндігін ескеруі керек. Өзінің көп мағыналы сипатына байланысты, дереккөз ретінде карикатура жиі қосымша түсініктеме қажет етеді. Сондықтан мұғалімнің қосымша түсіндірмесін қажет етеді.

Карикатура мен жұмыс жасағанда, сіз келесі ережелерге сүйенуіңіз керек:

Сипаттамасы:

- белгілер мен кейіпкерлерді сипаттаңыз;
- белгілер мен кейіпкерлерді қандай өнер стилінде жасағанын анықтаңыз;

Интерпретация:

Карикатураның салынған уақыттына қараңыз. Ол қандай оқиға мен уақытқа байланысты салынған?

• Сіз кейіпкерлерді білесіз бе? Егер олар шынайы кейіпкерлер болса, онда оларды атаңыз. Неліктен бұл кейіпкерлер карикатурада берілген? олар мұнда қандай рөл ойнайды?

• Суретші қандай символдарды қолданған? Неліктен ол бұларды таңдаған?

• Карикатурадағы адамдар жағымды кейіпкер ретінде бейнеленген бе? әлде жағымсыз ба?

• Суретші кейіпкерлерді қалай интерпретациялаған? Сіз онымен келісесіз бе?

• Автордың идеялары мен саяси ұстанымы қандай? Оларды қалай анықтайсыз?

• Карикатурадағы кейіпкерлер мен оқиғаларды басқа қандай дереккөзден білесіз? Сіздің олар туралы біліміңіз карикатурадағы идеямен қаншалықты сәйкес келеді?

Тарих пәні бойынша тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқу мақсаттарын тиімді жүзеге асыру тарихи концептілерге негізделеді. Оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытуда тарихи концептілерге негізделген тапсырмаларды дайындау сабақ жоспарының сапасын арттырады сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Концепт – концептуалды жүйенің бір бөлігі [ЭР]. – Қолжетімді режим: <https://lektsii.com/1-167286.html>

2. Тажикеева А.Ш Концепт ұғымы туралы [ЭР]. – Қолжетімді режим: http://www.rusnauka.com/29_DWS_2012/Philologia/3_120502.doc.htm

3. Энциклопедия Всемирная история [ЭР]. – Қолжетімді режим: https://w.histrf.ru/search?search=%D0%BA%D0%BE%D0%BD%D1%86%D0%B5%D0%BF%D1%82%D1%8B+&source_id=1

4. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Білім

Г.К. Тусупкалиева

ПОДГОТОВКА ЗАДАНИЙ, ОСНОВАННЫХ НА ИСТОРИЧЕСКИХ КОНЦЕПТАХ

В статье рассматриваются вопросы обучения на основе исторических концептов для формирования навыков исторического мышления. Даны разъяснения шести историческим концептам, показаны результаты обучения. Предлагаются основанные на каждом историческом концепте задания, которые направлены на развитие навыков мышления учащихся. Исторические концепты позволяют систематизировать полученные знания по истории, формировать целостную картину исторического развития человечества и развивать у учащихся историческое мышление.

Ключевые слова: исторические концепции, изменение и преемственность, причины и следствия, аргумент, сходства и различия, важность, интерпретация.

G.K. Tussupkaliyeva

PREPARING TASKS BASED ON HISTORICAL CONCEPTS

The article deals with the issue of training historical concepts for the formation of historical thinking. Explanations of six historical concepts have been given and the results of training have been shown. The suggested tasks are aimed at developing students' thinking skills which based on historical concepts. These concepts allow to systematize history gained knowledge, to form a complete picture of mankind historical development and to develop pupils historical thinking.

Keywords: historical concept, changes and continuity, causes and consequences, argument, similarity and difference, significance, interpretation.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Абдрешева Мадина Каббасовна	«Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша білім магистрі, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті «Шет тілдер» кафедрасының аға оқытушысы
Абзалбек Лаура Сапаровна	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы, критериалды бағалау бөлімінің «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінің менеджері
Айткенова Молдир Болатовна	«Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ білім беру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кафедрасының аға оқытушысы
Асылбек Темирлан Дулатұлы	Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті «Шет тілдер» факультетінің 4 курс студенті
Бисенбаева Меруерт Кенжеғұлқызы	педагогика ғылымдарының магистрі, «Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы «Алматы облысы бойынша ПҚ БАИ» мұғалімнің кәсіби дамуын психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қолдау кафедрасының аға оқытушы
Жетписбаева Мейрамгуль Асылбековна	ф.ғ.к., «Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ директорының оқу-әдістемелік жұмысы жөнінде орынбасары
Мағауова Акмарал Сабитоллаевна	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ педагогика ғылымдарының докторы, Педагогика және білім менеджменті кафедрасының профессоры, Халықаралық педагогикалық білім беру ғылым академиясының академигі
Муканова Саулеш Димкешевна	п.ғ.д., «Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ директоры
Назаров Илья Алексеевич	К.Д. Ушинский атындағы ЯМПУ магистрі, «Балалар көмек көрсету орталығы» Ярославль облысы МББУ оқытушы, Ярославль қ., Ресей Федерациясы
Назарова Инна Григорьевна	п.ғ.к., доцент, Ярославль облыстық «Білім беруді дамыту институты» қосымша кәсіби білім беру мемлекеттік автономдық мекемесінің жалпы педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі, Ярославль қ., Ресей Федерациясы
Разбекова Зауре Кайыровна	«Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ инновациялық білім беру және ақпараттық технологиялар кафедрасының аға оқытушысы
Смағұлова Казиза	«Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ білім беру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кафедрасының аға оқытушысы
Сулейменов Муратбек Балтинович	«Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ білім беру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кафедрасының аға оқытушысы
Тихомирова Ольга Вячеславовна	п.ғ.к., Ярославль облыстық «Білім беруді дамыту институты» қосымша кәсіби білім беру мемлекеттік автономдық мекемесінің кафедрасының меңгерушісі
Тойымбекова Жумагуль Бейсембековна	«Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ білім беру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кафедрасының аға оқытушысы
Тусупкалиева Гульмира Куантаевна	«Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ инновациялық білім беру және ақпараттық технологиялар кафедрасының аға оқытушысы
Тұрсынова Мархаба Ахметкалиевна	филол.ғ.к., Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті «Қазақ тіл білімі» кафедрасының доценті
Уланова Галина Александровна	Ярославль облыстық «Білім беруді дамыту институты» қосымша кәсіби білім беру мемлекеттік автономдық мекемесінің білім беру қызметі бойынша проректоры, Ярославль қ., Ресей Федерациясы
Хайруллина Гульмира Джунусовна	«Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ білім беру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кафедрасының аға оқытушысы
Шункеева Сауле Алишеровна	Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті «Шет тілдер» факультет деканның орынбасары

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

Абдрешева Мадина Каббасовна	магистр образования по специальности «Иностранный язык: два иностранных языка» Карагандинского государственного университета им. Е.А. Букетова, старший преподаватель кафедры «Иностранные языки»
Абзалбек Лаура Сапаровна	менеджер по предметам «Казахский язык», «Казахская литература», «Казахский язык и литература» отдела критериального оценивания филиала «Центр педагогического измерения» АОО «НИШ»
Айткенова Молдир Болатовна	старший преподаватель кафедры психолого-педагогического сопровождения образовательного процесса филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Асылбек Темирлан Дулатулы	студент 4 курса факультета иностранных языков Карагандинского государственного университета им. Е.А.Букетова
Бисенбаева Меруерт Кенжегуловна	магистр педагогических наук, старший преподаватель кафедры психолого-педагогического сопровождения профессионального развития учителя филиала АО «НЦПК «Өрлеу» «Институт повышения квалификации педагогических работников по Алматинской области»
Жетписбаева Мейрамгуль Асылбековна	к.филол.н., заместитель директора по учебно-методической работе филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Магауова Акмарал Сабитоллаевна	профессор кафедры педагогики и образовательного менеджмента Казахского национального университета имени аль-Фараби, академик Международной академии наук педагогического образования, г.Алматы
Муканова Саулеш Димкешевна	д.п.н., директор филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Назаров Илья Алексеевич	педагог ГОУ Ярославской области «Центр помощи детям», магистрант ЯГПУ им. К.Д. Ушинского, г.Ярославль, Российская Федерация
Назарова Инна Григорьевна	к.п.н., доцент, заведующий кафедрой общей педагогики и психологии Государственного автономного учреждения дополнительного профессионального образования Ярославской области «Институт развития образования», г.Ярославль, Российская Федерация
Разбекова Зауре Кайыровна	старший преподаватель кафедры инновационного образования и информационных технологий филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Смагулова Казиза	старший преподаватель кафедры психолого-педагогического сопровождения образовательного процесса филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Сулейменов Муратбек Балтинович	старший преподаватель кафедры психолого-педагогического сопровождения образовательного процесса филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Тихомирова Ольга Вячеславовна	к.п.н., заведующая кафедрой Государственного автономного учреждения дополнительного профессионального образования Ярославской области «Институт развития образования», г.Ярославль, Российская Федерация
Тойымбекова Жумагуль Бейсембековна	старший преподаватель кафедры психолого-педагогического сопровождения образовательного процесса филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Турсунова Мархаба Ахметкалиевна	к.филол.н., доцент кафедры казахского языкознания Карагандинского государственного университета им. Е.А.Букетова
Тусупкалиева Гульмира Куантаевна	старший преподаватель кафедры инновационного образования и информационных технологий филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Уланова Галина Александровна	проректор Государственного автономного учреждения дополнительного профессионального образования Ярославской области «Институт развития образования», г.Ярославль, Российская Федерация
Хайруллина Гульмира Джунусовна	старший преподаватель кафедры психолого-педагогического сопровождения образовательного процесса филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Шункеева Сауле Алишеровна	заместитель декана факультета иностранных языков Карагандинского государственного университета им. Е.А.Букетова